



"С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2024 – 2028 жылдарға арналған даму бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 тамыздағы № 682 қаулысы

"Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 8) тармақшасына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 1-бабының 21-б) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2024 – 2028 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 16 тамыздағы
№ 682 қаулысымен
бекітілген

"С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2024 – 2028 жылдарға арналған даму бағдарламасы Мазмұны

1-бөлім. Бағдарлама паспорты

2-бөлім Ағымдағы жай-күйі мен ұзақ мерзімді мақсаттарын ескере отырып, перспективаларын сипаттау

3-бөлім. Бағдарламаның талдамалық және болжамдық негіздеме блогы.

3.1-тарау. "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы қызметінің жай-күйін, негізгі проблемалары мен олардың себептерін талдау

3.2-тарау. "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы ұжымының инновациялық әлеуетін бағалау

3.3-тарау. Еңбек нарығының кадрларға қажеттілігінің өзгеру үрдісінің болжамы

4-бөлім Бағдарламаның пайымы

5-бөлім Бағдарламаның миссиясы

6-бөлім. Бағдарламаның стратегиялық блогы

6.1-тарау. "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі орны мен рөлі

6.2-тарау. "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының академиялық саясаты

6.3-тарау. "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының инновациялық әлеуетін дамыту және оған қол жеткізу

6.4-тарау. "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының ғылыми-техникалық әзірлемелерін коммерцияландыру

7-бөлім. Бағдарламада қойылған мақсатқа қол жеткізу жолдары

8-бөлім. Бағдарламаны іске асырудың күтілетін нәтижелерін сипаттау

9-бөлім Бағдарламаның нысаналы индикаторлары көрсетілген, жылдар бойынша бөле отырып, Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат

1-бөлім. Кіріспе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауында ұлтымыздың денсаулығын қамтамасыз ету кезінде ғана, қоғамның үйлесімді дамуы, оның маңызды шарттарының бірі дәрігерлерді даярлау жүйесін әрі де жетілдіру мүмкін екендігі болып табылатыны атап өтілген (<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>).

Кадрлық әлеуетті нығайту Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 725 қаулысымен бекітілген 2021 – 2025 жылдарға арналған "Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасында да негізгі міндеттердің бірі болып айқындалған.

"С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "ҚазҰМУ" КеАҚ) жеке және қоғамдық денсаулық салаларында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлерінде медицина және фармацевтика мамандарын даярлауды жүргізетін, іргелі және қолданбалы сипаттағы ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыратын, медициналық және зертханалық қызметтер және қажетті білім беру, клиникалық және ғылыми инфрақұрылымы бар зерттеу университеті болып табылады.

"ҚазҰМУ" КеАҚ ғылыми-зерттеу қызметін, клиникалық практиканы және білім беру процесін интеграциялау қағидаттарын басшылыққа алады, бұл денсаулық сақтаудың бірыңғай академиялық ортасы қағидатына сәйкес келеді және қазіргі кезеңде жоғары даярлық деңгейі бар мамандарды шығару және технологиялық тұрғыдан заманауи медициналық көмек көрсетудің негізгі жолы болып табылады.

Бағдарлама паспорты

Бағдарламаның атауы	"С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – "ҚазҰМУ" КеАҚ) 2024 – 2028 жылдарға арналған даму бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздер	"Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 8) тармақшасы; "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 1-бабының 21-6) тармақшасы, 5-3-бабының 23) тармақшасы; "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті", "Қарағанды медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамдарына зерттеу университеті мәртебесін беру және олардың даму бағдарламаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 453 қаулысы; "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын дамыту бағдарламасын әзірлеу құрылымы мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 25 қазандағы № 590 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілердің тіркеу тізілімінде №17622 болып тіркелген).
Бағдарламаны әзірлеуші	"С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері	Мақсаты – "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның зерттеу университеті ретіндегі позициясын ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін клиникалық практика мен білім беру процесіне жедел тарату арқылы нығайту. Міндеттері: 1) білім, клиника және ғылымның тығыз интеграциясы негізінде мамандарды даярлау сапасын арттыру; 2) ғылыми-зерттеу әлеуетін белсенді арттыру үшін жағдай жасау және оны іске асыру негізінде дамыту; 3) ғылым, білім, клиника және басқару (менеджмент) бағыттары бойынша қызметті интернационалдандыру негізінде халықаралық академиялық және ғылыми қоғамдастыққа интеграциялау; 4) Университетті тиімді басқару және орнықты даму факторлары ретінде қаржылық тұрғыдан орнықты жүйені құру және халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу.
Іске асыру мерзімі	I кезең. 2024 – 2025 жылдар II кезең. 2026 – 2028 жылдар

Қаржыландыру көздері

"ҚазҰМУ" КеАҚ-да білім алушылардың білім беру гранттары. Ақылы негізде білім алатын білім алушылардың қаражаты. Ғылыми зерттеулер жүргізуге алынған гранттар.
Заңнамада белгіленген тәртіппен монополияға қарсы органмен келісілген "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның басқа қызметінен түскен қаражат.

2-бөлім. Ағымдағы жай-күйі мен ұзақ мерзімді мақсаттарын ескере отырып, перспективаларын сипаттау

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына (бұдан әрі – ЖБЖҒ дамыту тұжырымдамасы) сәйкес ғалымдардың кадрлық және ғылыми әлеуетін ұлғайту, ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру экожүйесін дамыту бөлігінде негізгі бағыттар айқындалды, бұл өз кезегінде отандық ғылымды дамытуға және медициналық көмектің жоғары сапасы мен қолжетімділігін одан әрі қамтамасыз етуге әсер етеді.

Зерттеу университеті деп берілген мәртебе "ҚазҰМУ" КеАҚ-ға ғылыми қызметтің, білім беру процесі мен клиникалық практиканың интеграциясын нығайту бойынша жұмысты жүргізуге, сөйтіп денсаулық сақтау мен ғылымның академиялық жүйесінің іргетасын қалауға, сондай-ақ басқа елдердің университеттерімен халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал етті.

Медициналық білімді, ғылымды және практиканы адам денсаулығының мүддесіне нақты интеграциялауға "ҚазҰМУ" КеАҚ базасында медицинаның негізгі бағыттары бойынша бес жетекші ғылыми-зерттеу институты мен ғылыми орталықтардың мүмкіндіктерін біріктіру де ықпал етті.

Зерттеу университеті бола отырып, "ҚазҰМУ" КеАҚ ғылыми-зерттеу ізденістері бағыттарының және алынған ғылыми нәтижелерді мамандарды даярлаудың білім беру бағдарламаларына және денсаулық сақтау жүйесінің әдістемелік ұсынымдарына таратуға, клиникалық бағыттағы зерттеулердің нәтижелерін пациенттерді емдеу хаттамаларына таратуға, сөйтіп еліміздің медициналық жоғары білім беру және практикалық денсаулық сақтау салаларының дамуына үлес қоса отырып, оның спектрін кеңейтуге ұмтылады.

"ҚазҰМУ" КеАҚ зерттеу университеті ретінде қолда бар барлық материалдық және зияткерлік ресурстарды пайдалана отырып, қалыптасқан білім мен тәжірибені беру мақсатында мүдделі ұйымдарға, оның ішінде медициналық бейіндегі отандық ЖОО-ларға консультациялық қызметтер көрсетуге, оқыту семинарларын, шеберлік сыныптарын және өзге де іс-шараларды өткізуге дайын.

"ҚазҰМУ" КеАҚ өзінің академиялық, клиникалық және ғылыми-зерттеу әлеуетін мынадай жолдармен кеңейтуді жалғастыруға ниетті:

1) денсаулық сақтаудың өзгермелі қажеттіліктеріне сәйкес оқытушы-профессорлық құрамды (бұдан әрі – ОПК) сандық және сапалық тұрғыдан жақсарту;

2) инновациялық және озық заманауи технологиялар трансферті; нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

3) стартаптарды дамытуға және ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруға ықпал ететін жаңа құрылымдарды құру (технопарк, эндаумент-қор, спинофф құрылымдар);

4) бизнес-процестерді жетілдіру және цифрландыру, кітапхана қорын цифрландыру, тұтастай алғанда цифрлық экожүйені дамыту;

5) персоналды жүйелі түрде дамыту және ынталандыру шараларын енгізу, білікті кадрларды ұстап қалу және тарту үшін жағдай жасау (еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға жәрдемдесу және басқа да жағдайлар);

6) көрсетілетін медициналық қызметтердің (ақылы, сол сияқты тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көмек көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесінде көрсетілетін қызметтер де) спектрін кеңейту есебінен қаражатты қоса алғанда, қызметтің барлық аспектілерін қаржыландыру көздерін әртараптандыру; жергілікті бюджет немесе медициналық ұйым қаражаты есебінен қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқыту; эндаумент қорын құру;

7) құрылыс және инфрақұрылымды жаңғырту (заманауи оқу корпустары мен жатақханалары бар кампус, университет клиникасы).

Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының жаһандық стандарттары, сондай-ақ сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық желілердің басшылыққа алынатын қағидаттары мен стандарттары "ҚазҰМУ" КеАҚ үшін медициналық білім берудің барлық үш кезеңін қамтитын медициналық білім беру сапасын арттыру бағдары болып табылады: базалық (дипломға дейінгі) медициналық білім беру; дипломнан кейінгі медициналық білім беру және үздіксіз кәсіби даму.

"ҚазҰМУ" КеАҚ The Lancet Commission, World Health Organization және басқа да ұйымдар сияқты халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына сәйкес оқытуға құзыреттілік көзқарасты ілгерілетуге ұмтылады. Бұл тәсіл денсаулық сақтау саласындағы мамандардың білімін, дағдыларын, машықтарын, қарым-қатынасы мен мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған. Құзыреттілік тәсілі қоғамның қажеттілігіне бағдарланған және денсаулықтың әлеуметтік детерминанттары туралы хабардар етілген, пәнаралық және кәсіпаралық ынтымақтастыққа дайын білікті мамандарды шығаруға мүмкіндік береді. Мұндай мамандар өмір бойы білім алу, пациенттерге қызмет көрсетуде заманауи технологияларды қолдану және жанашырлық пен эмпатия дағдыларына ие болады (Borkan JM, Hammoud MM, Nelson E, Oyler J, Lawson L, Starr SR, Gonzalo JD. Health systems science education: The new post-Flexner professionalism for

the 21st century. Med Teach. 2021 Jul; 43(sup2): S25-S31. doi: 10.1080/0142159X.2021.1924366. PMID: 34291713). Бұл тәсіл пациенттердің қажеттіліктері мен қоғамдық денсаулық сақтаудың маңыздылығын ескере отырып, мамандар ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін бірлесіп жұмыс істей алатын саламатты және орнықты денсаулық сақтауды құруға ықпал етеді (Gonzalo JD, Wolpaw DR, Cooney R, Mazotti L, Reilly JB, Wolpaw T. Evolving the Systems-Based Practice Competency in Graduate Medical Education to Meet Patient Needs in the 21st-Century Health Care System. Acad Med. 2022 May 1;97(5):655-661. doi: 10.1097/ACM.0000000000004598. Epub 2022 Jan 18. PMID: 35044981). "ҚазҰМУ" КеАҚ оқытуға құзыреттілік көзқарасты дамыту осы бағыттағы маңызды қадам деп есептейді.

3-бөлім. Бағдарламаның талдамалық және болжамдық негіздеме блогы

3.1-тарау. "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы қызметінің жай-күйін, негізгі проблемалары мен олардың себептерін талдау

2021 жылдың соңында "ҚазҰМУ" КеАҚ жүргізген нарықты маркетингтік зерттеу нәтижелері бойынша еліміздің медициналық жоғары білім беру нарығында "ҚазҰМУ" КеАҚ үлесі бейінді университеттер арасында 22,9 пайызды және медицина мен денсаулық сақтау бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын бейінді және бейінді емес университеттер арасында 19,4 пайызды құрады. "ҚазҰМУ" КеАҚ білім беру бағдарламаларын, практика базаларын, қосымша көрсетілетін қызметтерді (университет клиникасының, симуляциялық орталықтың, біліктілікті арттыру және қосымша кәсіптік білім берудің қызметтері және басқа да көрсетілетін қызметтер) дамыту сияқты көрсеткіштер бойынша негізгі бәсекелестерден озыңқы. Бұдан басқа, талдау ғылыми-зерттеу құрамын да одан әрі күшейту қажет екенін көрсетті. "ҚазҰМУ" КеАҚ табысты позициялану үшін "Практика мен зерттеулерге негізделген білім беру" философиясын пайдалануға ниетті.

2019 – 2023 жылдар кезеңінде "ҚазҰМУ" КеАҚ "зерттеу университеті" мәртебесінде алдыңғы кезеңмен салыстырғанда белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді:

1. Ғылыми қызметті, білім беруді және клиникалық практиканы интеграциялау (ДСҒАЖ).

Халық денсаулығы қызметіне байланысты болатын жоғары білікті денсаулық сақтау мамандарын даярлау "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның басым міндеті болып табылады. Университет академиялық құрылымдардың денсаулық сақтаудың практикалық ұйымдарымен тығыз өзара іс-қимылын, кадрларды даярлаудың интеграцияланған стратегиясы деп аталатын арнайы білім беру жүйесін іске асырады. ОПҚ-ның практикалық денсаулық сақтауға белсенді қатысуы Университет қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. 2022 жылы 45 клиникалық кафедраның 790

оқытушысы 140 клиникалық базада жұмыс істеді, оның ішінде клиникалық кафедралардың 491 ОПҚ клиникалық бейіндегі мамандар ретінде бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінде (бұдан әрі – БҰДЖ) жұмыс істеді, бұл 62,1 пайызды құрады. 2019 – 2022 жылдар кезеңінде клиникалық кафедралардың ОПҚ саны 534-тен 790 адамға дейін өсті, оның ішінде негізгі ОПҚ 2019 жылы 463-тен 2022 жылы 533-ке дейін өсті. Клиникалық базаларда жұмысты қоса атқаратын клиникалық кафедралардың ОПҚ саны 2019 жылғы 136-дан 2022 жылы 265-ке дейін, яғни 2 есеге жуық өсті. Университеттің клиникалық кафедраларындағы клиникалық базалармен жұмысты қоса атқаратындардың саны 2019 жылғы 71 адамнан 2022 жылы 226 адамға дейін айтарлықтай өсті, бұл 2019 жылға қарағанда 318 пайызды құрады. Осылайша, клиникалық базаларда жұмысты қоса атқаратын ОПҚ үлесі 2019 жылғы 38 пайызға (207 адам) қарағанда 2022 жылы 62,1 пайызды (491 адам) құрады.

"ҚазҰМУ" КеАҚ денсаулық сақтау және ғылымның академиялық жүйесін дамыту шеңберінде "Клиникалық база, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйым клиникасы, университеттік аурухана, резидентура базасы, интеграцияланған академиялық медициналық орталық туралы ережелерді және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы ҚР ДСМ-№ 304/2020 бұйрығын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21848 болып тіркелген) әзірлеуге қатысты, оны қабылдау білім алушылардың практикаға бағдарланған клиникалық дайындығы үшін жағдай жасауға мүмкіндік берді.

2019 жылдан бастап ғылыми қызмет нәтижелері ескеріле отырып, ОПҚ аттестаттау өткізіледі. Басқарманың 2021 жылғы 24 мамырдағы шешімімен (№ 8 хаттама) бекітілген қолданыстағы "ҚазҰМУ" КеАҚ ОПҚ аттестаттау қағидалары шеңберінде жұмыскерлердің келесі санаттары бойынша аттестаттау карталары әзірленді: ассистент, дәріскер, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, мектеп/факультет деканы, бұл карталарда атқаратын лауазымына байланысты күрделілігі мен тереңдігі бойынша, оның ішінде ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша сараланған бағалау өлшемшарттары белгіленді. Айталық, мысалы атқаратын лауазымына сәйкестігін айқындау үшін көрсеткіштер халықаралық және ұлттық ғылыми конференцияларда баяндамалармен сөз сөйлеу, диссертациялық кеңестерге қатысу, импакт-факторы бар рецензияланатын басылымдарда ғылыми мақалалар жарияланымдарының болуы, ғылыми монографиялар шығару, ғылыми жобаларға қатысу немесе басшылық ету болып табылады. Мұндай тәсіл оқытушыларды зерттеу қызметін жүргізуге, ғылыми жобаларды, ғылыми жарияланым белсенділігіне жетекшілік етуге немесе іске асыруға қатысуға, ғылыми конференцияларға баяндамалармен қатысуға, білім алушыларды ғылыми-іздістіру жұмыстарына тартуға, оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік құралдар мен ұсынымдар шығаруға, оқытудың инновациялық әдістерін енгізуге және өзгелерге ынталандырып, оларға қойылатын талаптарды арттырады, бұл өз кезегінде

ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін білім беру процесіне таратуға оң әсер етеді, ол негізінен оқытушының өз білімін, дағдылары мен тәжірибесін білім алушыларға беруді білдіреді. Ғылыми жобаларды іске асыру шеңберіндегі зерттеулердің табысты нәтижелерін оқытушылар тиісті тақырыптарды ашқан кезде білім беру процесіне енгізеді, мысалы, кейбір генетикалық, әлеуметтік-мәдени және басқа да өңірлік факторлардың аурулар ағымының ерекшеліктеріне әсер етуінің анықталған үрдістері; диагностика мен емдеудің жаңа әдістерін қолдану және оның тиімділігі.

Ғылыми қызметті білім беру процесіне интеграциялаудың тағы бір дәлелі 2019 жылдан бастап білім беру бағдарламаларына бакалавриаттың бірінші курсынан бастап және одан әрі оқытудың барлық деңгейлерінде іске асырылатын ғылыми жобалар, дипломдық жұмыстар, магистрлік және докторлық диссертациялар түріндегі ғылыми компоненттерді енгізу болып табылады. Ғылыми зерттеулер мен білім беру процесін интеграциялау даярлаудың барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады. Мысалы, бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларына ғылыми зерттеулер жүргізу үшін құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған "Клиникаға дейінгі зерттеу негіздері", "Ғылыми зерттеулерге кіріспе", "Академиялық жазба", "Клиникалық зерттеу негіздері" пәндері енгізілді. Интернатураға әлеуметтік детерминанттар (бағыттар бойынша) бойынша ғылыми жобаны орындау енгізілді. Білім берудің барлық деңгейлері бойынша ғылыми компоненті бар пәндер кредиттерінің саны 2022 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 63 пайызға өсіп, 2019 жылғы 985 кредитке қарағанда 2022 жылы 1605 кредитті құрады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар контингенті 2 есеге жуық өсті: 2019 жылғы 980-ден 2023 жылы 1721-ге дейін, 2019 – 2023 жылдар кезеңінде жақын және алыс шетелдердің серіктес университеттерімен 8 бірлескен және екі дипломдық білім беру бағдарламасы әзірленіп, іске асырылды. Осы жылдар ішінде бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша 161 маман даярланды.

2. ОПҚ-ның сандық және сапалық құрамы:

Барлық ОПҚ-ның сандық құрамы 2018 жылғы 1763 адамнан 2022 жылы 1292 адамға дейін төмендеді, негізгі штаттық оқытушылардың үлесі 2018 жылғы 72 пайыздан (1278 адам) 2022 жылы 76 пайызға (981 адам) дейін өсті. Алайда, ғылыми дәрежесі бар ОПҚ үлесі 2018 жылғы 54 пайыздан 2022 жылы 45 пайызға дейін төмендеді. Ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер санының 195 адамнан 96 адамға дейін, ғылым кандидаты – 479 адамнан 296 адамға дейін төмендеуі және PhD ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер санының 24 адамнан 53 адамға дейін өскені байқалады. Қалыптасқан жағдайдың объективті себептерінің бірі соңғы жылдардағы білім және ғылым жүйесінің трансформациялық процестері болып табылады. Классикалық аспирантура және докторантура институты 2010 жылы өз жұмысын аяқтады. 2011 жылдан бастап PhD докторантура түлектеріне мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежелері беріледі. Егер ғылыми-педагогикалық

кадрларды даярлаудың дәстүрлі жүйесі бойынша жыл сайын мемлекеттік тапсырыс 950 орынды құраса (ізденудің нормативтік бекітілген нысаны бойынша өз бетінше жұмыс істеген ізденушілерді есептемегенде) және жалпы алғанда жылына 300-ге жуық докторлық және 1800 кандидаттық диссертация бекітілсе, PhD докторантура арқылы жаңа модель бойынша даярлау бұл көрсеткіштерді 10 есеге жуық қысқартады. Ең өзекті мәселелердің бірі – ғылыми кадрлардың қартаюы (табиғи азаю). 2022 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша ғылыми дәрежесі бар ОПҚ-ның жас құрамына жүргізілген талдау ғылыми дәрежесі бар ОПҚ-ның 17 %-ы – 45 жасқа дейін, 59 %-ы – 45 жастан 60 жасқа дейін, 24 %-ы – 60 жастан жоғары екенін көрсетеді.

Соңғы 5 жылда ОПҚ-ның 78 жұмыскері докторантурада оқыды. Оның ішінде диссертация қорғап, 22 адам (28 пайыз) докторлық дәреже алды. 2019 – 2022 жылдар кезеңінде 1084 оқытушы біліктілігін арттырудан өтті, ұқсас көрсеткіш 2017 – 2018 жылдары 672 адамды құрады. Ғылыми дәрежесі немесе PhD дәрежесі бар ОПҚ тарту және ұстап қалу мақсатында 2023 жылғы қаңтардан бастап ОПҚ-ның жалақысы 20 %-ға өсті, университет жыл сайын оқуға немесе біліктілікті арттыруға қаражат бөледі, ғылыми дәрежесі немесе PhD дәрежесі бар ОПҚ-ға "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ғылыми дәрежесі үшін қосымша ақы белгіленді.

Ғылыми-педагогикалық кадрлардың дәрежелілігін арттыру, сондай-ақ әлеуетін дамыту мақсатында олардың қажеттіліктерін ескере отырып (жалақыны көтеру, жыл сайынғы инфляцияны ескере отырып жалақыны индексстеу, әлеуметтік қолдау және басқа да шаралар), оның ішінде ОПҚ құрамындағы жас мамандарды тарту және ұстап қалу үшін ғылыми дәрежесі немесе PhD дәрежесі бар ОПҚ тарту және ұстап қалу үшін PhD докторантурада оқыту есебінен өз кадрларын даярлау, ғылыми дәрежелері бар шетелдік оқытушыларды тарту үшін шаралар кешені әзірленетін болады.

ЖОО-ның жоғары рейтингі көрсеткіштерінің бірі оқытушылардың, яғни құрметті, арнаулы атақтары, мемлекеттік наградалары мен сыйлықтары, стипендиялары бар ОПҚ санын тану дәрежесі болып табылады. 2019 – 2022 жылдар кезеңінде ОПҚ қатарынан 9 жұмыскер мемлекеттік наградалармен, оның ішінде "Барыс" (академик Ормантаев К.С.), "Құрмет" (Испаева Ж.Б., Датхаев Ұ.М.), "Шапағат" (Ракишева А.С.) ордендерімен, "Халық алғысы" медалімен (Егембердиева Р.А., Дуйсенова А.К., Ксетаева Г.К., Сугралиев А.Б., Садықова А.М.) марапатталды. "Қазақстан Конституциясына 25 жыл" мерейтойлық медалімен 4 жұмыскер, "Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл" медалімен 17 адам марапатталды. ҚР ДСМ төсбелгілерімен 133 қызметкер марапатталды: "Еңбек ардагері" – 35 адам, "Денсаулық сақтау ісінің үздігі" – 48 адам, "Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін" – 50 адам. 3 жұмыскер "Болашақ" халықаралық стипендиясының иегері (Мухалиев Е. Е., Қорғасбекова Ж.Р., Нұрбекова А.А.) атанды, 3 қызметкер "ЖОО үздік оқытушысы" стипендиясының иегері (Сакипова З.Б., Берилло Д.А., Рахимов К.Д.) атанды.

3. Жаңа құрылымдар, стартаптар құру

2022 жылы Университетте Ғылым департаменті жанынан Технологияларды коммерцияландыру орталығы жаңа құрылымдық бөлімшесі құрылды. "ҚазҰМУ" КеАҚ 2022 жылғы қазанда Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ) Ғылым қоры ұйымдастырған "Технологияларды коммерцияландыру реакторы" ғылым мен бизнесті интеграциялау жөніндегі мамандандырылған диалог алаңына 4 жобаны ұсынды. 2 жобаға патенттер алынды. 2 жоба ақтық үшінші турға кірді және "Технологияларды коммерцияландыру реакторына" қатысу үшін жіберілді.

"ҚазҰМУ" КеАҚ-да 2021 жылы геном орталығы ашылды. Қорғаудың жоғары дәрежесі бар зертханалық кешен аса күрделі зерттеулер жүргізу үшін озық жабдықтармен жарақтандырылған. Биологиялық үлгілерді тіркеу, есепке алу және сақтау үшін елдегі жалғыз STC Compact ULT роботтық жүйесі бар. Одан басқа, геном орталығында Affymetrix GeneTitan (АҚШ) микрочип жүйесінде жұмыс істейтін болады. Қазіргі уақытта зертханалық кешен дербестендірілген медицина бойынша ұлттық бағдарлама шеңберінде ғылыми зерттеулер жүргізу үшін пайдаланылады.

2021 жылы инфрақұрылымды дамыту шеңберінде Стоматология мектебінің базасында стоматология бойынша симуляциялық орталық ашылды, еліміздің бірде-бір медициналық ЖОО-да оның баламасы жоқ.

"ҚазҰМУ" КеАҚ ғылыми кітапханасының қоры 2019 – 2022 жылдар кезеңінде 30 мыңға жуық данаға ұлғайды. 2019 жылдан бастап 2022 жылға дейін барлығы 15 шетелдік дерекқорға қолжетімділікті беру үшін шарттар жасалды. 2022 жылы Web of Science, Scopus, "Cochrane Library": Wiley, BMJ ресурсы, eBooks Clinical Collection сияқты электрондық ресурстарға қол жеткізілді. 2019 – 2022 жылдар кезеңінде "Сириус" платформасы базасында құжаттарды "кері қайтару-беру" автоматтандырылған қызметін көрсету толықтай енгізілді. 2019 – 2022 жылдар кезеңінде "Сириус" автоматтандырылған жүйесіне 75269 оқырман жүгінді. Берілген оқу әдебиеттерінің саны 290209 дананы құрады. 2019 жылы – 17454 адам, 2020 жылы – 21020, 2021 жылы – 18483, 2022 жылы – 18312 адам оқырман жүгінді. 2019 жылы – 79234 дана, 2020 жылы. – 67255 дана, 2021 жылы – 74449 дана, 2022 жылы – 69271 дана оқу әдебиеті берілді. Ұқсас кезеңде оқу әдебиетін кері қайтару 426139 дананы құрады. Жылдар бөлінісінде: 2019 жылы – 73112 дана, 2020 жылы – 99305 дана, 2021 жылы – 121847 дана, 2022 жылы – 131875 дана.

2019 – 2022 жылдар аралығында барлық қызмет көрсету пункттерінде – абонементтер, оқу, электрондық залдар – шамамен 55066 пайдаланушыға қызмет көрсетілді. 2021 жылдан бастап ғылыми кітапхана дәстүрлі қағаз каталогтарынан электрондық каталогтарға көшуді жүзеге асыруда. 17 картотеканың қағаз нұсқасындағы материалды енді Қазақ автоматтандырылған кітапхана-ақпараттық

жүйесінің (бұдан әрі – ҚАКАЖ) электрондық каталогынан табуға болады. 2022 жылға қарай 3650 кітап атауы, ал 2023 жылға қарай 4650 кітап атауы электрондық форматқа ауыстырылды.

4. Бизнес-процестерді жетілдіру және цифрландыру

2016 жылы "ҚазҰМУ" КеАҚ-да жұмыс істеп тұрған IT-инфрақұрылым мен жұмыс істеп тұрған бизнес-процестерге жүргізілген сыртқы және ішкі талдаулар IT-инфрақұрылымның жай-күйі сапалы білім беру және медициналық цифрлық сервистерді (қызметтерді) ұсыну үшін қазіргі заманғы талаптарға мүлдем сәйкес келмейтінін анықтады. Жалпы жекелеген компьютерлерді пайдаланудан ЖОО ішіндегі компьютерлік желіге көшіру жүзеге асырылды, университеттің негізгі инфрақұрылымдық объектілерін біріктіретін жергілікті желі қалыптастырылды. Алайда, желінің жергілікті сегменттерінің жай-күйі коммуникация үшін толық тиімді қызметтерді ұсынуға мүмкіндік бермеді. 2017 – 2021 жылдарға арналған "Ақпараттандырудың жол картасы – 2021" бағдарламасы 94 пайызға іске асырылды. 2016 жылы небәрі 35 пайызды құраған цифрландыру деңгейі Бағдарламаны іске асырудың келесі жылдарында негізгі процестерді цифрландыру үлесі: 2018 жылы – 50 пайызды (жоспар бойынша 50 пайыз), 2019 жылы – 68 пайызды (жоспар бойынша 60 пайыз), 2020 жылы – 72,4 пайызды (жоспар бойынша 70 пайыз), 2021 жылы – 80,3 пайызды (жоспар бойынша 80 пайыз), 2022 жылы – 90 пайызды (жоспар бойынша 90 пайыз) құрады. 30-дан астам модульден тұратын және прокторинг жүйесімен, қашықтықтан оқыту жүйесімен, Iteman тестілерінің сенімділігін валидациялау және айқындау жүйесімен, талдама бойынша дашбордтармен біріктірілген "Сириус" қазақстандық автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ААЖ) енгізілді және белсенді пайдаланылуда.

"Қағазсыз ауруханаларға" көшу және университеттік клиникалардың қызметін автоматтандыру мақсатында медициналық ақпараттық жүйелер (бұдан әрі – МАЖ) және зертханалық ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЗАЖ) енгізілді: 2018 жылдан бастап – "Медэлемент" МАЖ және "SmartLab" ЗАЖ, 2022 жылдан бастап – "Damumed" МАЖ. "SmartLab" ЗАЖ "Медэлемент" МАЖ және "Damumed" МАЖ-бен интеграцияланған, өз кезегінде "Медэлемент" МАЖ және "Damumed" МАЖ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ДСМ) порталдарымен және жүйелерімен интеграцияланған.

LMS Moodle платформасының базасында <https://dis.kaznu.edu.kz/> қашықтықтан оқыту порталы білім алушылардың оқу қызметін қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша ұйымдастырудың, оның ішінде студенттің оқытушымен дербес жұмыстарын (бұдан әрі – ОСДЖ) және білім алушы студенттің дербес жұмысын (бұдан әрі – СДЖ) ұйымдастыру үшін тиімді құралдарды ұсынады. Қашықтықтан оқыту порталы "ҚазҰМУ" КеАҚ ақпараттық жүйесі "Сириус" ААЖ-мен, MS Office 365 (MS Teams), ZOOM өнімдерімен және онлайн прокторинг жүйесімен (AERO), Turnitin және

StrikePlagiarism антиплагиат жүйелерімен, "ҚазҰМУ" КеАҚ электрондық кітапханасымен интеграцияланған. Порталда білім берудің барлық деңгейлеріндегі 7000-нан астам білім алушы пайдаланатын 2000-нан астам курс әзірленді. Бұлтты технологияларды дамытуды және виртуалдандыруды қамтамасыз ету мақсатында бұлтты технологияларға көшу басталды: 2020 жылдан бастап мерзімсіз академиялық лицензия сатып алынды және MS Office 365 өнімдері мен MS Teams бейнестриминг жүйесі белсенді пайдаланылуда.

Цифрландыру департаментінің жұмыскерлері әзірлеген <https://dsc.kaznmu.kz/> Цифрлық қызметтер орталығы порталы білім алушыларға, тыңдаушыларға, оқуға түсушілерге қызмет көрсету кезінде "бір терезе" қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді. QR-кодпен расталған құжаттарды (сертификаттар, куәліктер) бере отырып, "Цифрлық қызметтер орталығы" порталы арқылы мынадай көрсетілетін қызметтер мен сервистер әзірленіп, енгізілді:

1) қосымша және кәсіптік білім беру институтының көрсетілетін қызметтері (тіркеу, біліктілікті арттыру курсына жазылу, сертификаттау курсы, сертификат/куәлік алу, өткен курстың қорытындысы бойынша кері байланыс);

2) қабылдау комиссиясының көрсетілетін қызметтері (тіркеу, психометриялық тестілеуден өтуге жазылу, сертификат алу);

3) түлектердің мансап орталығының көрсетілетін қызметтері (жұмысқа орналастыру жөніндегі өтінішхатқа сәйкес жолдама мен келісімді тіркеу, ресімдеу);

4) Тегін, атын, әкесінің атын өзгерту жөніндегі көрсетілетін қызмет.

"Сириус" ААЖ жеке кабинетінде білім алушыларға құжаттарға электрондық цифрлық қолтаңбамен (транскриптер, анықтамалардың 4 нысаны, кету парағы) қол қою арқылы қызметтер мен сервистер ұсынылады.

Құжаттарға қол қою үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, құжат айналымын "қағазсыз" форматта жүргізуге мүмкіндік беретін "қағазсыз құжат айналымы" функционалын дамытумен "Сириус" ААЖ "SalemOffice" 3.0 жетілдірілген нұсқасы (әкімшілік модульдер) пайдаланылады. 2020 жылғы наурыздан бастап Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесімен (бұдан әрі – ЭҚАБЖ) интеграция жүргізілді және уәкілетті органдармен және ЭҚАБЖ-ның басқа да қатысушыларымен "қағазсыз құжат айналымына" көшу жүзеге асырылды. Көрсетілген жүйенің Helpdesk қызметтерін көрсететін "Өтінімдер" модулі және ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, келісу, бекіту процесін автоматтандыру үшін "Оқшаулау актілері" модулі бар. 2023 жылғы бірінші қаңтардағы жағдай бойынша сапалы нәтиже "қағазсыз құжат айналымы" деңгейімен айқындалады, ол 88,66 пайызды құрайды. "Сириус" ААЖ "SalemOffice" жүйесінің шектеусіз лицензиясы бар, жүйенің пайдаланушылары "ҚазҰМУ" КеАҚ барлық басшылары, жұмыскерлері, ОПҚ болып табылады.

ІС платформасындағы бухгалтерлік және басқарушылық есеп жүйелері платформаның бірыңғай нұсқасына ауыстырылды, бұл қаржы және бухгалтерлік есеп департаменті құрылымдарының ішкі процестері мен өзара іс-қимылын оңтайландыруға мүмкіндік берді.

"ҚазҰМУ" КеАҚ бизнес-процестерін автоматтандыру және білім беру және басқа да процестер деректерінің тарихын жинақтау, кітапхана қорын, 1991 жылдан бастап түлектердің архивтік деректерін электрондық форматқа көшіру электрондық дерекқор қоймаларын құру бойынша жұмысты бастауға мүмкіндік берді. Жинақталған деректерді талдау бойынша жұмыс басталды: "ОПҚ-ға студенттердің көзқарасы" сауалнама нәтижелері" дашбордтары, білім алушыларды аралық аттестаттау нәтижелері (Bell Curve); "Оқытушылардың электрондық журналдарды толтыруы бойынша есеп".

Университеттің оқшауланған желісінің мүмкіндіктері кеңейтілді: Интернет желісіне қол жеткізу арнасының жылдамдығы 2016 жылғы 70 Мбит/с-тан 2023 жылғы 1 Гбит / с-қа дейін ұлғайтылды. 2017 жылдан 2020 жылға дейін Wi-Fi аймағының жобалары іске асырылды (35-тен астам нүкте – барлық 8 жатақхана, 2 нүкте – "ҚазҰМУ" КеАҚ кампусының аумағы). Бұл жобаны іске асыру жалғасуда: 2023 жылға – 4 оқу корпусында Wi-Fi қамту жобасы, 2024 жылға – 2 оқу корпусында және виварийде, 2025 жылға – 8 жатақханада Wi-fi жаңғырту жоспарланған.

Қазіргі уақытта жалпы "ҚазҰМУ" КеАҚ-да заманауи ұйымдастырушылық-техникалық базаны құру мақсатында: 2017 жылдан бастап университеттің компьютерлік паркі 60 пайызға жаңартылды; 2019 жылдан бастап кітапханада штрих-код арқылы кітаптарды сәйкестендіру жүйесі іске қосылды, бұл кітаптарды қабылдау және беру процесін оңтайландыруға мүмкіндік берді; желілік құрылым ішінара жаңартылды, желіні жаңғырту жалғасуда; 2019 жылдан бастап IP-бейнебақылау жүйесі бар Ахуал орталығын құру жобасы іске асырылды; Тестілеу орталығы заманауи компьютерлік техникамен жарақтандырылған; электрондық кезек жүйесі (клиникалар, цифрлық білім беру ортасы (бұдан әрі – ЦБО)), жеке куәлік бойынша штрих-кодты сканерлеу арқылы пациенттерді жеделдетілген сәйкестендіру жүйесі орнатылып, іске қосылды.

Алайда жаңа технологиялар мен өмірлік шындықтардың пайда болуы көрсетілетін қызмет тұтынушыларымен өзара іс-қимыл процестерін күшейтуді және оларға қазіргі сәтте іске асырылғандарына қарағанда анағұрлым жоғары сапалы қызметтер көрсетуді талап етеді.

5. Қаржыландыру көздерін әртараптандыру

2016 – 2022 жылдар аралығында "ҚазҰМУ" КеАҚ қаржыландырудың негізгі көздері өзгерген жоқ, олар: ҚР ҒЖБМ және ҚР ДСМ білім беру бағдарламалары, ҚР ҒЖБМ және ҚР ДСМ ғылыми бағдарламалары, ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуден түсетін кірістер болып табылады.

Алайда, көрсетілген кезеңге "ҚазҰМУ" КеАҚ ақылы көрсетілетін қызметтерінің (ақылы медициналық, білім беру және өзге де көрсетілетін қызметтер) тізбесі кеңейтілді.

6. Құрылыс және жаңғырту

Осы бағыт бойынша "ҚазҰМУ" КеАҚ 2018 жылы № 8 "Студенттер үйі" жатақханасын салды, ол бойынша жұмыс көлемі 1227340,4 мың теңгені құрады. 2022 – 2023 жылдар кезеңінде негізінен жылыту және сумен жабдықтау жүйелерін, сондай-ақ оқу корпустары мен жатақханалар ғимараттарының қасбеттерін жалпы сомасы 116285,9 мың теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. "Зерттеу университеті" мәртебесі ғылыми жобаларды ең жоғары деңгейде іске асыруға мүмкіндік беретін ең жаңа жабдықтармен және озық технологиялармен жарақтандырылған заманауи оқу корпустарының, клиникалық үй-жайлар мен ғылыми зертханалардың болуын білдіреді. Осы тұрғыда "ҚазҰМУ" КеАҚ-ға негізгі қорлар мен материалдық-техникалық базаны шұғыл жаңғырту талап етіледі, бұл "ҚазҰМУ" КеАҚ инфрақұрылымын дамытуға елеулі қаржы салымдарының қажеттілігімен ұштасады.

"ҚазҰМУ" КеАҚ-ның 2019 – 2023 жылдарға арналған даму бағдарламасының алдыңғы кезеңмен салыстырғанда нысаналы индикаторларының орындалуы:

1) стратегиялық әріптеспен бірлесіп әзірленген білім беру бағдарламаларының саны 2016 – 2017 жылдары стратегиялық әріптеспен бірлесіп әзірленген бағдарламалар болған жоқ, өйткені стратегиялық әріптесті айқындау және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою жұмыстары жүргізілді. 2018 жылы стратегиялық әріптестің қатысуымен жоғары білім берудің үш білім беру бағдарламасы әзірленіп, бекітілді. 2019 – 2022 жылдар аралығында білім беру бағдарламаларының саны бестен жетіге дейін өсті;

2) білім алушылардың жалпы контингентінен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын магистранттар мен докторанттардың үлесі

2016 жылы білім алушылар саны – 9271 адам: оның ішінде магистранттар – 118, докторанттар – 74; 2017 жылы – 9455 адам: оның ішінде магистранттар – 99, докторанттар – 79; 2018 жылы – 9582 адам: оның ішінде магистранттар – 134, докторанттар – 127; 2019 жылы жалпы контингент 9558 адамды құрады, оның ішінде магистранттар – 164, докторанттар – 133, 2022 жылы білім алушылар контингенті 66 пайызға – 14410 адамға дейін ұлғайды, оның ішінде магистранттар – 219, докторанттар – 109;

3) ғылыми қызмет нәтижелерін ескере отырып, аттестаттаудан өткен ОПК үлесі

Ғылыми қызмет нәтижелерін ескере отырып, ОПК-ны аттестаттауды жүргізу 2019 жылдан басталды. Қарастырылып отырған кезеңде қажетті көрсеткіш мәндерінің тұрақты өсуі байқалады (2019 жылы – 46,5 пайыз, 2020 жылы – 70 пайыз, 2021 жылы – 90 пайыз, 2022 жылы – 99,6 пайыз);

4) оқытудың барлық деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларында ғылыми қызметтің үлесі

2016 – 2018 жылдар аралығында бұл көрсеткіш талданған жоқ. Бұл көрсеткіш ғылыми компоненттің мазмұны жоғары магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары мен бакалавриаттың және резидентураның білім беру бағдарламалары санының арақатынасына тікелей байланысты. Көрсеткіштің төмендеуі магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары санының ұлғаюына қарамастан, бакалавриат пен резидентураның білім беру бағдарламалары санының айтарлықтай өсуімен байланысты. Осылайша, 2022 жылы барлық деңгейдегі білім беру бағдарламаларындағы ғылыми қызметтің үлесі 2019 жылғы 17,3 пайызбен салыстырғанда 10,6 пайызды құрады;

5) ғылыми-зерттеу қызметіне тартылған ОПК үлесі

2016 – 2022 жылдар аралығында ғылыми-зерттеу қызметіне тартылған ОПК үлесінің тұрақты өсуі байқалады. (2016 жылы – 30 пайыз; 2017 жылы – 31 пайыз; 2018 жылы – 42 пайыз; 2019 жылы – 55 пайыз; 2020 жылы – 58 пайыз; 2021 жылы – 60 пайыз; 2022 жылы – 65 пайыз);

6) ғылыми-зерттеу жобаларының жалпы саны

Ғылыми-зерттеу жобаларының саны 2016 жылы – 7 жоба; 2017 жылы – 8 жоба; 2018 жылы – 13 жоба.

Зерттеу университеті мәртебесін алған кезден бастап ғылыми-зерттеу жобаларының саны 2019 жылғы 15-тен бастап 2022 жылы 31 жобаға дейін өсті;

7) Web of Science немесе Scopus индекстейтін халықаралық рейтингтік журналдарда соңғы бес жыл ішінде жарияланған ғылыми мақалалар санының ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің жалпы санына қатынасы

2016 жылы ғылыми-педагогикалық жұмыскерлердің жалпы санына қатысты Web of Science немесе Scopus базасында индекстелетін мақалалар санына арақатынасы 1:19 (65 мақала); 2017 жыл – 1:13 (78 мақала); 2018 жыл – 1:15 (82 мақала) құрайды.

2019 – 2022 жылдар аралығында жыл сайын ОПК санының ұлғаюына қарамастан, қол жеткізілген арақатынас бірдей деңгейде сақталады (арақатынас 1:14);

8) Web of Science немесе Scopus индекстейтін халықаралық рейтингтік журналдарда соңғы бес жыл ішінде жарияланған ғылыми мақалаларға дәйексөз келтірудің орташа деңгейі

Егер 2016 жылы Scopus базасында индекстелетін халықаралық рейтингтік журналдағы ғылыми мақалаларға дәйексөз келтірудің орташа деңгейі 2,1-ді құраса, Web of Science базасында 1,5-ті; 2017 жылы – Scopus-та 7,6-ны, Web of Science-те 6,2; 2018 жылы – Scopus-та 28,3, Web of Science-те 23,5, ал 2019 – 2022 жылдар аралығында Web of Science индекстейтін халықаралық рейтингтік журналдардағы ғылыми

мақалаларға дәйексөз келтірудің орташа деңгейі: 2019 жылы – 13; 2020 жылы – 27,3; 2021 жылы – 71; 2022 жыл – 45,78; Scopus индекстейтін: 2019 жылы – 15,7; 2020 жылы – 22,2; 2021 жылы – 35,4; 2022 жылы – 17,82 құрады;

9) алынған қазақстандық патенттердің саны

2016 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасында алынған патенттер саны жылына 10 патенттен құрады. Даму бағдарламасын іске асыру барысында (2019 – 2022 жылдар аралығында) осы көрсеткіштің қол жеткізілген мәндері жоспарлы мәндерден (жылына 12-ден 16 патентке дейін) асып, тұрақты өсу үрдісіне ие болды;

10) алынған халықаралық патенттердің саны

2020 жылға дейін халықаралық патенттер болған жоқ.

2022 жылы ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын "Кардиотоникалық әсері бар отандық өсімдік шикізатынан фитосубстанция әзірлемесі" ғылыми-техникалық жобасы шеңберінде "Кардиопротекторлық әсері бар өсімдік сығындысын алу тәсілі" Еуразиялық патентіне өтінім берілді. Қазіргі уақытта өтінім нөмірі алынды (2022 жылғы 9 желтоқсандағы № 20220786.1) және 2023 жылғы 24 қаңтардағы ресми сараптаманың оң нәтижесі туралы хабарлама алынды;

11) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жөніндегі жобалардың саны

"ҚазҰМУ" КеАҚ коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған конкурстарға белсенді қатысады. Алайда, 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде коммерцияландырылған жобалар болған жоқ. 2020 жылы "ҚазҰМУ" КеАҚ ұрықтың жай-күйін бағалауға мүмкіндік беретін "THE SMART BABY CARDIOGRAPHY" қосымшасын және "THE SMART BABY CARDIOGRAPHY" портативті аспабын ұсынды. Бұл аспапты әзірлеуді "ҚазҰМУ" КеАҚ жұмыскерлері жүзеге асырды, ол тиісті қорғау (ұрықтың жай-күйін тұрақты бақылауға арналған № 6699 (21) 2021/0609.2 аппарат) құжатымен расталады.

2021 жылы "Қартаю және саламатты өмір сүру ұзақтығы" тақырыбында жоба ұсынылды ("Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымымен 13400000 теңге сомасына ғылыми-зерттеу көрсетілетін қызметтерін сатып алу туралы 2021 жылғы 21 қыркүйектегі № 1934-2021/3-28 шарт).

"Фармацевтикалық субстанциялар өндірісі" тақырыбында "Коммерцияландыру реакторы" диалог алаңының III бағдарламасы бойынша жоба дайындалды. Жобаны сынамалау үш турда өтті (қыркүйек, қазан). Жоба ақтық III турға кірді. Питч нәтижелері бойынша: жобаны қоса қаржыландыру мәселесі инвесторлармен келісіліп, "Ғылым қоры" АҚ конкурсына дайындалуда.

"Стоматологиялық абразивті ұштық", "Импульсті электрлік-депофорезге арналған аппарат" тақырыптарында "Коммерцияландыру реакторы" бағдарламасы бойынша жоба дайындалды. Жобалар коммерцияландыруға беру кезеңінен өтуде.

2022 жылы "ҚазҰМУ" КеАҚ-да Ғылым департаменті жанынан Технологияларды коммерцияландыру орталығының жаңа құрылымдық бөлімшесі құрылды;

12) "ҚазҰМУ" КеАҚ және оның ұйымдарының жобалары базасында құрылған стартаптар

Жыл сайын "ҚазҰМУ" КеАҚ стартап-жобаларын әзірлейді, бұл ретте 2016 – 2021 жылдар аралығындағы кезеңде "ҚазҰМУ" КеАҚ-да бекітілген стартап жобалар болмағанын атап өткен жөн.

2022 жылы "ҚазҰМУ" КеАҚ қызметкері П.А. Мұхаметов Алматы қаласындағы "Qoldau" кәсіпкерлік орталығынан № 101-2022-20-23299 "Практикалық және медициналық манекендер өндірісі" стартап-жобасы бойынша 4 млн теңге сомасына грант ұтып алды;

13) ұжымдық пайдалану зертханасында іске асырылатын зерттеу жобаларының саны

"ҚазҰМУ" КеАҚ-да 2019 – 2022 жылдар аралығында ұжымдық пайдалану зертханасында 7 ғылыми-зерттеу жобасы іске асырылды. 2022 жылы "Молекулалық-генетикалық және эпидемиологиялық зерттеулер үшін биологиялық үлгілердің сертификатталған банкін құру" атты жаңа 1 жоба іске асырылды және 2 жоба 2021 жылдан бастап жалғасты ("Қазақстан Республикасында дербестендірілген және алдын алу медицинасын енгізудің ұлттық бағдарламасы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жөніндегі ғылыми-техникалық бағдарламасы және "Балалардағы неврологиялық көріністері бар кейбір орфандық аурулар кезінде диагностика, емдеу және оналту жүйесін енгізу" ЖОО-ішілік ғылыми-зерттеу жобасы);

14) шетелдік әріптестермен бірлескен ғылыми жобалардың саны

"ҚазҰМУ" КеАҚ білім, ғылым және клиника саласындағы шетелдік әріптестермен ынтымақтастықты белсенді дамытуда. Осының есебінен әріптес ЖОО-лармен бірлескен ғылыми жобалар саны жыл сайын ұлғаюда.

2016 – 2017 жылдары стратегиялық әріптеспен бірлескен ғылыми жобалар болған жоқ, өйткені стратегиялық әріптесті айқындау және онымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою жұмыстары жүргізілді. 2018 жылы стратегиялық әріптеспен бірлескен ғылыми жобаның біреуін іске асыру басталды.

2019 – 2022 жылдар аралығында стратегиялық әріптеспен бірлескен ғылыми жобалар саны 5-тен 7 жобаға дейін ұлғайды;

15) "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның QS WUR (by subject) нұсқасы бойынша әлемдегі үздік университеттер рейтингіндегі позициясы.

"ҚазҰМУ" КеАҚ алғаш рет 2019 жылы QS халықаралық рейтингіне кірді және содан бері жыл сайын QS жаһандық рейтингінің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша белсенді жұмыс жүргізуде:

2019 жыл – QS EESA 152-орын;

2020 жыл – QS EЕCA 135-орын;

2021 жыл – QS EЕCA 146-орын және QS WUR-601-650-орын;

2022 жыл – QS WUR 651-700-орын, QS Asia University Rankings – 301-350-орын және QS World University Rankings 2023: Central Asia – 14-орынға ие болды.

"ҚазҰМУ" КеАҚ бакалавриаттың 7 бағдарламасы, магистратураның 24 бағдарламасы, резидентураның 46 бағдарламасы және докторантураның 5 бағдарламасы бойынша білім береді.

Оқытудың 3 деңгейі бойынша қолданыстағы білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасының тиісті тізіліміне енгізілген, танылған аккредиттеу органдарында аккредиттелген. 2023 жылы "ҚазҰМУ" КеАҚ институционалдық аккредиттеу рәсімінен өтуде. 2022 – 2023 оқу жылында "ҚазҰМУ" КеАҚ-да жоғары медициналық білімді 12738 студент, жоғары оқу орнынан кейінгі білімді – 1707 адам (магистратура – 220, докторантура – 106, резидентура – 1381) алуда.

"Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28716 болып тіркелген) және 2022 жылғы 2 желтоқсандағы "Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларын әзірлеуді талқылау" дөңгелек үстелінің қарары негізінде "Денсаулық сақтау" бағыты бойынша Оқу-әдістемелік бірлестіктің 2022 жылдан бастап "ҚазҰМУ" КеАҚ бакалавриат, интернатура және бейіндік магистратура деңгейлерін қамтитын "Медицина" – 6 жыл, "Педиатрия" – 6 жыл, "Стоматология" – 5 жыл үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеумен және енгізумен белсенді жұмыс істейді. Бағдарламалардың жобалары білім беру бағдарламалары комитеттерінің, "ҚазҰМУ" КеАҚ Академиялық кеңесінің отырыстарында талқыланып, Сенатта 2022 жылғы 21 шілдедегі (№ 24/2 хаттама) бекітілді.

"ҚазҰМУ" КеАҚ жоғары медициналық білімі бар мамандарға, техникалық және кәсіптік фармацевтикалық білімі бар мамандарға, қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау саласындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарға, медициналық-профилактикалық іс бойынша мамандарға, техникалық және кәсіптік медициналық білімі бар мамандарға арналған қосымша және формалды емес білім беру бағдарламаларын қосымша жүзеге асырады. 2019 – 2022 жылдар аралығындағы кезеңде 34794 маман оқытылып, оның ішінде 2021 – 2022 жылдар аралығындағы кезеңде 11787 маман оқытылды. Практикалық денсаулық сақтау мамандарының құзыреттерін арттыруға негізделген 1000-нан астам қосымша және формалды емес білім беру бағдарламалары әзірленді және өзектілендірілді.

"ҚазҰМУ" КеАҚ шетелдік университеттермен ынтымақтастықта білім беру және ғылыми технологиялардың жеделдетілген трансфертін жүзеге асырады. 2021 – 2022

оқу жылында "ҚазҰМУ" КеАҚ-ға 26 жақын (Ресей, Армения, Украина, Беларусь және т.б.) және алыс (Польша, Германия, АҚШ, Испания, Италия, Ұлыбритания, Израиль, Индонезия және т.б.) елдерден 139 визитинг-профессор келді. Шетелдік профессорлардың сапарлары білім беру сапасын жақсартуға және "ҚазҰМУ" КеАҚ ОПК-ның кәсіби деңгейін арттыруға, білім беру процесіне еуропалық көзқарас тұрғысынан оқытудың жаңа білімдері мен әдістері арқылы ОПК мен білім алушылардың құзыреттерін одан әрі дамытуға ықпал етеді. Шетелдік мамандарды шақыру Болон процесі қағидаттарын белсенді енгізуді ынталандырады, университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттырады, докторанттар мен магистранттардың ғылыми-зерттеу қажеттіліктерін іске асыруға мүмкіндік береді. Айталық, мысалы шақырылған профессорлар Л. Котрова, К. Цветанов (Болгария) ҚазҰМУ PhD докторант-оқытушылары Ю.А. Меньчишева мен Д.Д. Менчжанованың жетекшілері болды, 2021 жылы визитинг-профессорлармен бірлескен жұмыстың нәтижелері бойынша 14 бірлескен мақала жарияланды, 2 бірлескен жоба, 3 ғылыми зерттеу іске асырылды, 3 оқу құралы басып шығарылды.

Erasmus+ бағдарламасы шеңберінде Еуропа елдері: Литва, Грузия, Италия және Грецияның ЖОО-ларымен шарттарға қол қойылды. Университеттің 36 елдің университеттерімен, медициналық және ғылыми ұйымдарымен ынтымақтастық туралы 159 шарты бар. 2021 – 2022 оқу жылы ішінде 16 елдің шетелдік білім беру, ғылыми және клиникалық ұйымдарымен ынтымақтастық туралы 26 шарт пен өзара түсіністік туралы меморандумдарға қол қойылды. "ҚазҰМУ" КеАҚ төрт халықаралық қауымдастықтың институционалдық мүшесі болып табылады. 2018 жылдан бастап "ҚазҰМУ" КеАҚ "Академиялық адалдық" Лигасының мүшесі болып табылады. Лига қағидаттары Университетке жұмыс берушілердің күтілетін үміттеріне және бітірушінің заманауи үлгісіне сәйкес келетін мамандарды даярлаудың ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Академиялық адалдық лигасының құрамына кіру, бірінші кезекте ҚазҰМУ сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінде көрініс тапты, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде оқу жетістіктерін бағалау рәсімдері реттелді, білім алушыларға оқу нәтижелерін әділ және объективті бағалауға қойылатын талаптар жоғарылатылды. Университетте Лиганың академиялық адалдық стандарттарына негізделген Академиялық адалдық кодексі әзірленді. Университетте 2 және 3 санаттағы бұзушылықтар бойынша комиссиялар жұмыс істейді, олар білім алушылардың академиялық адалдықты бұзу жағдайларын қарастырады. Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларына 1 курста "Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері" пәні енгізіліп, іске асырылуда.

"ҚазҰМУ" КеАҚ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттеу туралы куәлікке ие (2019 жылғы 6 тамыздағы № 005649). Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттіктің (IQAA-Ranking) деректеріне сәйкес "ҚазҰМУ" КеАҚ 2022 жылдың қорытындысы бойынша

Қазақстанның медициналық ЖОО-ларының ғылыми жарияланымдар бойынша рейтингтік бағалауында 1-орын алды. Университеттің гранттық қаржыландыру шеңберінде денсаулық сақтау саласында ғылыми бағдарламалар жүргізуде үлкен тәжірибесі бар. 2019 – 2020 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 91100,00 мың теңге сомасына гранттық қаржыландыруы бойынша 6 жоба іске асырылды. 2021 жылдан бастап "ҚазҰМУ" КеАҚ-да ғылыми-зерттеу жұмыстарын, ғылыми-техникалық бағдарламаларды және конкурстық жобаларды орындау 40 жобаны қамтиды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көздері мемлекеттік бюджет қаражаты (ҚР БҒМ/ҒЖБМ, ҚР ДСМ), "ҚазҰМУ" КеАҚ ЖОО-ішілік гранттары болып табылады.

Денсаулық сақтау жүйесінің өзекті проблемаларының бірі саланы кәсіби құзыреттіліктің қажетті деңгейі бар кадрлармен қамтамасыз ету болып табылады, олардың қатарына, ең алдымен, медициналық көмек көрсету саласындағы білім мен дағдылар және клиникалық ойлау жатады. Бұл құзыреттерге қол жеткізу болашақ дәрігерлерді теориялық даярлаумен және оқу-клиникалық орталықтардағы тренажерларда және стандартталған пациенттерді тарта отырып, практикалық дағдыларды пысықтаумен ғана емес, ең алдымен студенттерді, интерндерді, резиденттерді практикалық жағдайларда – "ҚазҰМУ" КеАҚ клиникалық базалары болып табылатын практикалық денсаулық сақтау ұйымдарының базасында оқыту есебінен қамтамасыз етіледі. Қазіргі уақытта Университеттік клиника және 140-тан астам медициналық ұйым (МСАК ұйымдары, қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі стационарлар) "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның клиникалық базалары болып табылады.

"ҚазҰМУ" КеАҚ-да ISO 9001:2015 халықаралық стандарттарына сәйкес сапа менеджменті жүйесі (бұдан әрі – СМЖ) сәтті енгізілген және тұрақты жетілдірілуде. "ҚазҰМУ" КеАҚ-да жұмыс істейтін СМЖ моделі көрсетілетін білім беру, тәрбие, емдеу-диагностикалық және ғылыми-зерттеу қызметтерінің сапасын қамтамасыз етудің ішкі кепілдіктерін қалыптастыру тетіктерін құруға және жетілдіруге бағытталған.

"ҚазҰМУ" КеАҚ қызметінің жай-күйіне жүргізілген талдау мынадай түйінді проблемалардың бар екенін көрсетті:

1) "ҚазҰМУ" КеАҚ ОПК-ның зерттеу жұмысына да, сол сияқты клиникалық практикаға да жеткіліксіз тартылуын, клиникалық базалар мен университеттің өзара іс-қимылы тиімділігінің төмен деңгейін қамтитын денсаулық сақтау мен ғылымның академиялық жүйесінің (бұдан әрі – ДҒАЖ) жетілдірілмеуі. Бұл сонымен қатар ішкі нормативтік құжаттардың, атап айтқанда, университеттің өзіндік саясатының (кадрлық, ақпараттық, сапа менеджменті және тәуекелдерді басқару саласындағы және басқа да құжаттар) дамымауына, ОПК-ның жоғары педагогикалық жүктемесіне, оларды

ынталандырудың төмен деңгейіне, бизнес-процестердің сипатталуы мен цифрландыруының жеткіліксіз деңгейіне, инфрақұрылым тиімділігінің жеткіліксіздігіне, жабдықты жаңарту қарқынының төмен болуымен байланысты.

"ҚазҰМУ" КеАҚ бұл проблеманың шешімі "педагог:студент" арақатынасын және ОПҚ-ның педагогикалық жүктемесін төмендету арқылы білім беру және зерттеу қызметі арасындағы теңгерімге қол жеткізу мүмкіндіктерін іздеуде және іске асыруда, ынталандыру тетіктерін әзірлеуде, "ҚазҰМУ" КеАҚ клиникалық базалары болып табылатын аккредиттелген медициналық ұйымдардың үлесін ұлғайтуда, білім алушыларды клиникалық даярлау үшін қажетті жағдайлар жасауда, корпоративтік басқаруды дамытуда деп пайымдайды;

2) "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның халықаралық зерттеулерге, оның ішінде халықаралық жобаларды іске асыру кезінде сатып алу рәсімдері бойынша рұқсат беру және жүргізу жүйесінің жетілдірілмеуін, медицинадағы ғылыми талдау үшін қажетті статистикалық, медициналық және басқа да дерекқорларға қолжетімділіктің болмауын немесе өте қиын болуын, "Өмір және денсаулық туралы ғылым" бағытында жекелеген бағыттарға бөлуді қажет ететін ірі мәселелер болып табылатын медициналық жобалардың, аграрлық және өсімдіктер мен жануарлар биологиясының басқа да бөлімдерінің біріктірілуіне байланысты Қазақстан Республикасы ҒЖБМ-нің гранттары үшін шамадан тыс бәсекенің болуын, ғылыми жұмыскерлерді ынталандыру, жас ғалымдарға қолдау көрсету үшін ресурстардың жеткіліксіздігін, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін практикаға тарату және коммерцияландыру үшін орнықты тетіктің және жағдайлардың болмауын қамтитын ғылыми-зерттеу әлеуетін іске асыруды тежейтін сыртқы және ішкі факторлар.

"ҚазҰМУ" КеАҚ көрсетілген проблеманы шешу жолдары елдің халықаралық ғылыми зерттеулерге қатысуын реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер жүйесін жетілдіруде, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың барлық бағдарламаларын іске асыру мерзімдерін ұзартуда, медициналық блокты "Өмір және денсаулық туралы ғылым" бағытынан жеке бағытқа бөлуде, университет құрылымында ғылыми-зерттеу техникалық паркін, эндаумент-қорды құруда деп пайымдайды. Бұдан басқа, негізгі проблемаларды шешу бойынша көптеген іс-шараларды өткізудің оң нәтижелері де осы проблемаға жанама оң әсер етеді;

3) "ҚазҰМУ" КеАҚ қаржы қаражаты көлемінің күрделі шығындар мен негізгі қорларды жаңартуды, жабдықтарды жаңғыртуды, пациенттерді емдеудің жаңа технологияларын енгізуді, ғылыми зерттеулерді, білім алушылар үшін жағдайларды жақсартуды, білім алушы мен университеттің өндірістік персоналы үшін үй-жайлар жетіспеушілігінің орнын толтыруды, тұрғын үйге, білім алушыларды жатақханадағы орындармен қамтамасыз етуді, жалпы университеттің инфрақұрылымын жақсартуды, жалақыны уақтылы жүйелі түрде ұлғайтуды және жұмыскерлерді ынталандыруды, жас ғалымдарды қолдау үшін қаражаттың жеткіліксіздігін қоса алғанда, қызметті жоғары

сапалы деңгейде ұстау және дамыту үшін қолда бар қажеттіліктерге сәйкес келмеуі. Бұл көп қырлы проблеманың негізгі себептеріне қаржыландыру көздерін әртараптандырудың төмен деңгейі, университет пен оның еншілес ұйымдарының коммерциялық емес акционерлік қоғам мәртебесіне байланысты факторлар, 2019 жылдан бастап клиниканың медициналық көрсетілетін қызметтеріне бағалар преЙскурантын қайта қараудың болмауы жатады.

"ҚазҰМУ" КеАҚ көрсетілген проблеманың деңгейін төмендету бойынша, оның ішінде жетекші шетелдік университеттердің осы бағыттағы жұмыс тәжірибесін ескере отырып, қаржыландыру көздерін әртараптандыру, эндаумент-қорын құру, ғылыми әзірлеме өнімдерін коммерцияландыру үшін жағдайлар жасау шараларын қабылдайды. "ҚазҰМУ" КеАҚ имиджі мен бренді халықаралық нарықта "ҚазҰМУ" КеАҚ-да оқудың беделін қамтамасыз ететін, университет клиникасында сапалы медициналық көмек алуға кепілдік беретін, білім беру, ғылым және медицина саласындағы ынтымақтастыққа бірлескен жобаларды қаржыландыруға мүдделі танымал мамандар мен ұйымдарды тартатын бәсекелестік артықшылыққа айналады. "ҚазҰМУ" КеАҚ нормативтік құқықтық актілерді (бұдан әрі – НҚА) әзірлеу, өзектілендіру, оларға өзгерістер немесе толықтырулар енгізу бойынша уәкілетті мемлекеттік органдардың (ҚР ҒЖБМ, ҚР ДСМ) жұмыс топтарына белсенді қатысуға, сондай-ақ "ҚазҰМУ" КеАҚ қызметін реттейтін НҚА жобаларын және (немесе) НҚА жетілдіру жөніндегі, оның ішінде көрсетілген шешуге үлес қосуға ықпал ететін ұсыныстар пакеттерін уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберуге ниетті;

4) "ҚазҰМУ" КеАҚ-да цифрландырудың заманауи аспаптарының жеткіліксіз деңгейі, оның ішінде: жекелеген бизнес-процестерді автоматтандырудың әлсіз деңгейі, оларды ресімдеу мен жүйелеудің жеткіліксіздігімен күрделенуі, ақпараттық қауіпсіздік жүйесі дамуының жеткіліксіздігі, желілік инфрақұрылымның құрылымдалмауы, қатандығы және заманауи стандарттарға сәйкес келмеуі, оқу корпустарын Wi-Fi-мен қамтудың білім алушылар мен университет жұмыскерлерінің қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі, қолжетімділікті бақылау мен басқарудың ескірген жүйесі, бейнебақылау жүйесінің дамымаған желісі, серверлік үй-жайлардың заманауи талаптарға сәйкес келмеуі. "ҚазҰМУ" КеАҚ ақпараттық порталы (сайты) "ҚазҰМУ" КеАҚ мүдделері тұрғысынан маңызды іске асырылмаған әлеуетке ие. Осы Бағдарламаны іске асыру шеңберінде "ҚазҰМУ" КеАҚ осы проблеманың жоғарыда көрсетілген аспектілерін шешу жолдарын әзірлеу және іске асыру мақсатында цифрландыру тәсілдерін түбегейлі қайта қарайды.

3.2-тарау. "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы ұжымының инновациялық әлеуетін бағалау

Ғылыми-зерттеу қызметін іске асыру үшін "ҚазҰМУ" КеАҚ ұжымының инновациялық әлеуеті жоғары кәсіби кадрлық ресурстармен және белгілі бір инфрақұрылымдық әлеуетпен негізделеді.

"ҚазҰМУ" КеАҚ ұжымы 2021 адамды құрайды. Оның ішінде негізгі штаттық оқытушылар – 981, соның ішінде академиктер – 4, ғылым докторлары – 96, ғылым кандидаттары – 296, PhD докторлары – 53 (2022 жылғы 1 желтоқсандағы жағдайы бойынша).

2021 жылдан бастап "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның ғылыми-зерттеу қызметін мыналарды іске асыру шеңберінде ОПК, ғылыми қызметкерлер мен білім алушылар жүргізеді:

1) ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы бойынша 10 ғылыми-зерттеу жобасы (бұдан әрі – ҒЗЖ): 2021 жылы 21370,13 мың теңге сомасына 3 ҒЗЖ, 2022 жылы 15238,20 мың теңге сомасына 1 ҒЗЖ жүзеге асырылды. 2023 жылы 108543,1 мың теңге сомасына 6 ҒЗЖ іске асыру жалғасуда;

2) ҚР ДСМ қаржыландыратын және 2021 – 2023 жж. іске асыру мерзімімен "Қазақстан Республикасында дербестендірілген және алдын алу медицинасын енгізудің ұлттық бағдарламасы" тақырыбында 1 ғылыми-техникалық жоба. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша қаржыландыру көлемі 7174558,99 мың теңгені құрады: 2021 ж. – 3985856,73 мың теңге, 2022 ж. – 2261460,26 мың теңге, 2023 ж. – 927242,00 мың теңге;

3) ЖОО-ішілік гранттық қаржыландыру бойынша 2022 жылы 76466,22 мың теңге сомасына 21 жоба, 2023 жылы 147350,01 мың теңге сомасына 29 жобаға қатысу жоспарланған.

2022 жылы "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның екі жас ғалымы "Өмір және денсаулық туралы ғылым" бағыты бойынша 2022 – 2024 жылдарға арналған "Жас ғалым" жобасы бойынша жас ғалым-постдокторанттардың іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерін гранттық қаржыландыруға арналған конкурс бойынша грант иегерлері атанды. Қаржыландыру көлемі 37722110,5 теңгені құрады.

"GlobalSurg Collaborative" (NIHR) шеңберінде "ҚазҰМУ" КеАҚ Студенттік ғылыми қоғамы (бұдан әрі – СҒК) және Жас ғалымдар кеңесі (бұдан әрі – ЖҒК) University of Birmingham – UK, Royal Free Hospital & University College London, UK, British Urology Researchers in Surgical Training (Ұлыбритания) / Louisiana State University Health Sciences Center Shreveport, Shreveport, United States, National Institute for Health Research (NihR) (Ұлыбритания) University of Cambridge. Ынтымақтастық келесі тақырыптарды қамтиды: CovidSurg, CovidSurg-Cancer, GlobalSurg-CovidSurg Week, колоректальды хирургиядағы ESCP қауіпсіз анастомоз бағдарламасы (EAGLE), PancreasGroup.org, Vascular Surgery COVID-19 Collaborative (VASCC), transurethral REsection and Single instillation intra-vesical chemotherapy evaluation in bladder Cancer Treatment (RESECT), Global Neurotrauma Outcomes Study: Spine қоса алғанда 8 ғылыми-зерттеу жобасы жанындағы халықаралық ұйымдармен ынтымақтасады.

"ҚазҰМУ" КеАҚ 2022 жылғы қазанда ҚР ҒЖБМ Ғылым қоры ұйымдастырған "Технологияларды коммерцияландыру реакторы" ғылым мен бизнесті интеграциялау жөніндегі мамандандырылған диалог алаңына төрт жоба ұсынды. Екі жобаға патенттер алынды: "Импульстік электрофорез аппараты" және "Пенициллинацилаза ферментін алу тәсілі". Жобалар ақтық үшінші турға өтті және Технологияларды коммерцияландыру реакторына қатысуға рұқсат алды.

2020 жылы "ҚазҰМУ" КеАҚ "Қазақстан Республикасының медицина университеттері арасында соңғы 3 жылда Web of Science Core Collection Q1 және Q2 квартильдері журналдарындағы жарияланымдар саны бойынша көшбасшы" номинациясы бойынша "Ғылым көшбасшысы – Web of Science Awards" тәуелсіз сыйлығының иегері атанды. 2019 – 2022 жылдары "ҚазҰМУ" КеАҚ қызметкерлері The Lancet, Nature Medicine, The BMJ, European Journal of Public Health, European Journal of Preventive Cardiology, Journal of the American College of Cardiology сияқты жоғары рейтингті журналдарда мақалалар жариялады. Жалпы 2019 – 2022 жылдар ішінде Scopus және Web of Science дерекқорында 742 жариялым жарияланды (2019 жылы – 153, 2020 жылы – 195, 2021 жылы – 213, 2022 жылы – 281).

"ҚазҰМУ" КеАҚ-да "ҚазҰМУ хабаршысы" рецензияланатын медициналық ғылыми-практикалық журналы жұмыс істейді, ол 2007 жылы құрылған және Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінде Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті тіркеген (2007 жылғы 12 наурыздағы № 8141-ж куәлік). "ҚазҰМУ хабаршысы" журналы ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын ғылыми басылымдардың тізбесіне кіреді (11.04.2022 жылғы № 148 бұйрық); Мерзімді баспа басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды қайта есепке қою туралы № KZ84VPY00052740 куәлік; ISSN2524-0692 (line), ISSN2524-0684 (print). Отандық және халықаралық индекстелетін дерекқорларға енгізілген: Ресейлік ғылыми дәйексөз келтіру индексі (РҒДО), E-library.ru, Cyberleninka.ru, Ғылыми және техникалық ақпарат институты, Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат орталығының Қазақстандық дәйексөз келтіру базасы, Республикалық ЖОО-аралық электрондық кітапхана, ISI (International Society of Indexing). Журнал жылына 4 рет кезеңділікпен шығады. 2021 жылдан бастап "ҚазҰМУ хабаршысы" рецензияланатын медициналық ғылыми-практикалық журналын әлемдік рейтингтік дәйексөз келтіру базаларына, оның ішінде Scopus/Web of Science-ке ілгерілету жүргізілуде. Жарияланатын материалдардың ғылыми маңыздылығы өсті. Қазақстандық дәйексөз келтіру базасы бойынша 2019 жылғы импакт-фактор – 0,04. Ресейдің 2021 жылғы ғылыми дәйексөз келтіру индексі бойынша екі жылдық импакт-фактор – 0,049. РҒДО бес жылдық импакт-факторы – 2020 жылға 0,113, ал 2021 жылға – 0,090. Журнал 2021 жылдан бастап мақалаларға екі реттік кездейсоқ рецензиялау практикасын жүргізеді, бұл жарияланатын мақалалардың сапасын

арттырады. Қазіргі уақытта журнал бірнеше халықаралық индекстелетін базаларда техникалық сараптамадан өтуде. DOI тағайындау, заманауи талаптарға сәйкес келетін журналдың жаңа сайтының функционалдығын жақсарту бойынша жұмыс жүргізілуде. Перспективада журналды Google Scholar, Index Copernicus, AMED, PubMed, DOAJ, Open Academic Journal Index, Scopus, Web of Science базасына енгізу жоспарлануда.

"ҚазҰМУ" КеАҚ қызметкерлерінің соңғы 5 жылдағы жарияланымдарының Web of Science бойынша дәйексөз келтіру саны: 2019 жылы – 6147, 2020 жылы – 8187, 2021 жылы – 18124, 2022 жылы – 14558; Scopus бойынша: 2019 жылы – 4432, 2020 жылы – 6658, 2021 жылы – 9065, 2022 жылы – 8754. "ҚазҰМУ" КеАҚ қызметкерлері арасында Scopus халықаралық дерекқорында нөлдік емес Хирш индексіне ие: 2019 жылы – 316, 2020 жылы – 488, 2021 жылы – 453, 2022 жылы – 438 адам.

"ҚазҰМУ" КеАҚ қызметкерлері 2019 жылы 18 қорғау құжатын (ҚР өнертабысына патент – 8, ҚР пайдалы моделіне патент – 10), 2020 ж. – 16 қорғау құжатын (ҚР өнертабысына патент – 4, ҚР пайдалы моделіне патент – 9, авторлық құқық – 3), 2021 жылы – 67 қорғау құжаттары (ҚР өнертабысына патент – 2, ҚР пайдалы моделіне патент – 8, авторлық құқық – 57), 2022 жылы – 10 қорғау құжатын (ҚР өнертабысына патент – 2, ҚР пайдалы моделіне патент – 8) алды. 2023 жылы халықаралық еуразиялық патент алуға 2 өтінім және өнертабысқа 4 өтінім берілді.

1059 студент мектептер жанындағы ғылыми үйірмелерде оқиды, олар халықаралық және республикалық деңгейлерде 370 баяндама ұсынды. Студенттер ғылыми үйірмелерге қатысу арқылы ғылыми қызметке белсенді түрде тартылады, кейіннен жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференцияларға қатыса отырып, студенттік ғылыми зерттеулердің нәтижелерін диссеминациялайды. 2021 – 2022 оқу жылында олимпиадалар мен конференциялар жеңімпаздарының саны 118 студентті құрады. Бұдан басқа, Ғылым департаменті жанындағы Технологияларды коммерцияландыру орталығының ашылуына байланысты перспективада бизнес-инкубациялау бойынша оқыту және идеяларды, стартаптарды қолдау, кейіннен нарыққа шығу жоспарлануда. Магистратура және докторантура деңгейінде білім алушылар ғылыми-техникалық жобаларды іске асыруға тартылады. ЖҒК-ға университеттің 40 жасқа дейінгі ғылыми белсенді қызметкерлері кірді, олардың жалпы Хирш индексі 33-ті құрады. 2016 жылдан бері барлығы 9 жас ғалым 183 ғылыми мақала жариялады, оның 29-ы Scopus-та индекстелетін журналдарда жарияланды, Швейцариядағы, Канададағы және Португалиядағы халықаралық конференцияларға постерлік баяндамалармен қатысты. ЖҒК мүшелерінің арасында шетелдік университеттердің PhD бағдарламасының бітірушілері бар.

"ҚазҰМУ" КеАҚ ғылыми кітапханасының қоры 2019 – 2022 жылдар кезеңінде 30 мыңға жуық данаға ұлғайып, мемлекеттік, орыс және шет тілдеріндегі оқу және ғылыми әдебиеттердің 1424643 данасын құрады. VIII – XIX ғасырлармен даталанған медицина бойынша сирек кездесетін әдебиеттер қоры 3851 дананы құрайды. "ҚазҰМУ"

КеАҚ кітапхана қорының қашықтағы техникалық құралдарда орналастырылған құжаттарға да қолжетімділік береді. 2019 – 2022 жылдар аралығында барлығы 15 шетелдік дерекқорға қол жеткізу үшін шарттар жасалды. 2022 жылы Web of Science, Scopus, "Cochrane Library": Wiley, BMJ ресурсы, eBooks Clinical Collection сияқты электрондық ресурстарға қолжетімділік ашылды. 2019 – 2021 жылдар аралығында "Сириус" платформасы негізінде құжаттарды "қайтару-беру" автоматтандырылған қызметі енгізілді. 2021 жылдан бері ғылыми кітапхана дәстүрлі қағаз каталогтарынан электрондық каталогтарға көшуді жүзеге асыруда. Онлайн-режимде кітапханада студенттермен кері байланыс бар. Кітапхананың түнгі абонементі жұмыс істейді. Ғылыми кітапхана "Кітапхана – тәулігіне 24 сағат" қағидаты бойынша жұмысты ұйымдастыруға ұмтылады.

"ҚазҰМУ" КеАҚ құрамындағы Б. Атшабаров атындағы іргелі және қолданбалы медицина ғылыми-зерттеу институтының басты мақсаты денсаулық сақтау саласындағы ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруға белсенді тарту арқылы ОПК-ның, ғылыми жұмыскерлердің ғылыми-педагогикалық әлеуетін арттыру болып табылады. Институттың құрылымына: химия мен фармакогнозияның ғылыми-практикалық бақылау-талдау зертханасы, эксперименттік медицина зертханасы, ғылыми клиникалық-диагностикалық зертхана, "Ұжымдық пайдалану орталығы" ғылыми зертханасы, ғылыми-білім беру фармакопея орталығы, виварий кіреді. "ҚазҰМУ" КеАҚ-да 2021 жылы Геном орталығы ашылды. Қорғаудың жоғары дәрежесі бар зертханалық кешен аса күрделі зерттеулер жүргізу үшін озық жабдықтармен жарақтандырылған. Биологиялық үлгілерді тіркеу, есепке алу және сақтау үшін елдегі жалғыз STC Compact ULT роботтық жүйесі бар. Бұдан басқа, геном орталығында микрочиптік жүйеде Affymetrix GeneTitan (АҚШ) жұмыс істейтін болады. Қазіргі уақытта зертханалық кешен дербестендірілген медицина жөніндегі ұлттық бағдарлама шеңберінде ғылыми зерттеулер жүргізу үшін пайдаланылуда.

"ҚазҰМУ" КеАҚ инфрақұрылымына Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты, Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы, Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты, А.Н. Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығы сияқты бес жетекші ғылыми-зерттеу институты мен ғылыми орталықтар кіреді.

Ғылыми кеңес Университеттің білім беру, ғылыми және клиникалық қызметін үйлестіру жөніндегі алқалы басқарудың басты нысандарының бірі болып табылады. Оның қызметі өз құзыретіне кіретін мәселелерді ұжымдық талқылаудың жариялылығына негізделеді және қаралып отырған мәселелерді, өзекті проблемаларды және Университеттің даму перспективаларын ұжымдық шешу мүмкіндігін қамтамасыз

етеді. Университет қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Ғылыми кеңес академиялық кеңес, ғылыми кеңес, клиникалық кеңес сияқты алқалы органдармен өзара іс-қимыл жасайды.

Жалпы медицина мектебі университеттің алғашқы және ең көне факультеті болып табылатын Емдеу факультетінің мұрагері болып табылады. 2020 жылғы шілдеде "ҚазҰМУ" КеАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (15.07.2020 ж. № 7) Жалпы медицина мектебі екі дербес мектепті құру арқылы қайта ұйымдастырылды: 1 – 3 курстарда оқу процесіне жетекшілік ететін 1-Жалпы медицина мектебі (Базалық медицина мектебі) және 4 – 5 курстарда және интернатурада (6 – 7 курстарда) білім беру процесін ұйымдастыратын 2-Жалпы медицина мектебі (Клиникалық медицина мектебі). 1 және 2 Жалпы медицина мектептерінің базасында Литва денсаулық ғылымдары университетімен бірлесіп әзірленген "Жалпы медицина" бакалавриатының білім беру бағдарламасы іске асырылуда. 2022 – 2023 оқу жылында осы білім беру бағдарламасы бойынша екі мектепте 4506 білім алушы даярлықтан өтуде.

1-жалпы медицина мектебінің (бұдан әрі – 1-ЖММ) ОПК 267 адамды құрайды, оның ішінде 10 ғылым докторы, 66 ғылым кандидаты және 13 PhD докторы бар. ОПК студенттерді ғылыми зерттеулерге тарта отырып, ғылыми-техникалық жобаларды орындауға белсенді қатысады. 2019 – 2022 жылдар кезеңінде 1-ЖММ қызметкерлері 23 жобаны орындауға қатысты: 2020 – 2021 оқу жылында – 10 ғылыми жоба, 2021 – 2022 оқу жылында – 13 ғылыми жоба. 2022 – 2023 оқу жылында 1-ЖММ 11 ғылыми жобаны іске асыруда. 2022 жылы 1-ЖММ-де іргелі зерттеулер жүргізу үшін заманауи жабдықтары бар Life Science оқу-зерттеу зертханасы ұйымдастырылды. Зертхана заманауи деңгейде бірлескен пәнаралық және институционаларалық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

2-жалпы медицина мектебінің кадрлық әлеуеті (бұдан әрі – 2-ЖММ) 33 клиникалық кафедрадағы (420 штаттық оқытушы) қызметкерден тұрады және біліктілігі, кәсібилігі мен құзыреттілігінің жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Қызметкерлердің басым көпшілігінде медицина ғылымдарының кандидаттары мен докторлары, PhD дәрежесі, бейіні бойынша жоғары дәрігерлік біліктілік санаттары бар. 2-ЖММ академиялық, ғылыми және клиникалық қызметтің интеграциясы (үштұғырлылығы) жүзеге асырылатын интеграцияланған академиялық денсаулық сақтау жүйесіне тікелей қатысуда. Кафедралардың басым көпшілігінде білім беру процесі барлық деңгейлерде жүзеге асырылады – бакалавриат, интернатура, резидентура. Бірқатар кафедралар қосымша магистратура және докторантура деңгейінде, сондай-ақ үздіксіз кәсіптік білім беру шеңберінде дайындықты жүзеге асырады. Практикаға бағдарлану, еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды дамыту қызметтің басымдығы болып табылады. 2018 – 2020 жылдары Қазақстан Республикасы ҒЖБМ Ғылым комитетінің желісі бойынша қаржыландырылған 2 ғылыми жоба іске асырылды. Қазіргі уақытта үш жоба жүзеге асырылуда. Сондай-ақ 2022 – 2024 жылдары клиникалық медицинаның өзекті

проблемалары бойынша 7 ЖОО-ішілік ғылыми жобасы іске асырылуда. Тағы 3 ЖОО-ішілік ғылыми жоба университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен 2022 – 2025 жылдары іске асыру үшін бекітілді.

2018 жылдан бері Педиатрия мектебі жұмыс істейді. Қазіргі уақытта "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның Педиатрия мектебінде екі білім беру бағдарламасы бойынша 958 бакалавр оқиды. Мектеп ұжымында 10 ғылым докторы, 23 ғылым кандидаты және 4 PhD докторы жұмыс істейді. 2019 жылдан бері Мектептің ОПК 2 ғылыми жобаны іске асырды және бүгінде ҚР ДСМ, ҚР ҒЖБМ, Эразмус халықаралық ұйымы және университетішілік гранттар тарапынан гранттық қаржыландыру есебінен 8 ғылыми жоба іске асырылуда. Іске асырылып жатқан жобалардың ішінде: "Балаларды қадағалап қараудың болжамды моделі мен қағидаттарын әзірлей отырып, қосалқы репродуктивті технологиялар нәтижесінде туған балалардың соматикалық және психоэлеуметтік мәртебесін айқындау" (2022 – 2024 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурс, ҚР ҒЖБМ); "COVID-19-пен ауырған аналардан туған ТБЖА бар жаңа туған нәрестелерге диагностикалық, емдеу-профилактикалық іс-шараларды әзірлеу" (медицина және денсаулық сақтау саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған университетішілік грант); "Орталық Азиядағы-CHILDCA дипломнан кейінгі медициналық білім беруді жаңғырту үлгісі ретінде бала күтімі бойынша оқытуды жақсарту" (Эразмус+ (Еуроодақ), грант туралы келісімнің нөмірі 2019 жылғы 19 маусымдағы № 2018-3825-011-011).

Фармация мектебінің миссиясы Қазақстан мен әлемдік қоғамдастық үшін фармацевтика саласының бәсекеге қабілетті мамандарын даярлау болып табылады. Болашақта Мектеп өзін академиялық, ғылыми және инновациялық қызметтің үздік әлемдік практикасын біріктіретін фармацияның ғылыми-академиялық жүйесі ретінде көреді. Фармация мектебі бакалавриат, магистратура және PhD докторантура деңгейлерінде "Фармация" және "Фармацевтикалық өндіріс технологиясы" мамандықтары бойынша 2 білім беру бағдарламасын іске асырады, олар білімнің, ғылым мен практиканың үштұғырлығы қағидаттарына негізделеді. 2900-ден астам білім алушылар контингенті үшін білім беру процесін 124 оқытушы қамтамасыз етеді, оның ішінде фармацевтика ғылымдарының 6 докторы, 24 ғылым кандидаты және 17 PhD докторы. Білім беру бағдарламалары фармацевтика және медицина саласының, еңбек нарығының және қолданыстағы кәсіби стандарттардың заманауи талаптары шеңберінде өзектілендіріледі. ТМД-ның, Еуропаның, Американың және Азияның жетекші университеттерімен және ғылыми орталықтарымен әріптестік байланыстар сәтті іске асырылуда. Мектеп халықаралық, республикалық және ЖОО-ішілік ғылыми жобаларды, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын, оқытушылар мен студенттердің

ғылыми тағылымдамаларын орындайды. Санкт-Петербург мемлекеттік химия-фармацевтикалық университетімен бірге бірлескен қос дипломдық білім беру бағдарламалары іске асырылуда.

Х. Досмұхамедов атындағы Қоғамдық денсаулық сақтау мектебі бакалавриаттың "Қоғамдық денсаулық сақтау" және "Мейіргер ісі" білім беру бағдарламалары бойынша 510 студент даярлауды жүзеге асыруда. 2016 жылдан бері Мектептің халықаралық әріптесі Нью-Йорк штатының Университеті, АҚШ (SUNY) және оның Нью-Йорк штаты Халықаралық оқыту және зерттеу бағдарламасы (NYS-ITRP) болып табылады, ол Халықаралық Фогарти қорының, АҚШ Ұлттық денсаулық институттарының гранттары шеңберінде "АИТВ саласында оқыту және зерттеу бағдарламасын" бірлесіп орындайды. NYS-ITRP бағдарламасы бойынша Олбани Университетінің қоғамдық денсаулық сақтау мектебінде (SUNY), эпидемиология және биостатистика бойынша 10-нан астам адам оқыды (оның алтауы қазіргі уақытта "ҚазҰМУ" КеАҚ-да оқытушы болып жұмыс істейді). NYS-ITRP "ҚазҰМУ" КеАҚ-ға дипломға дейінгі және кейінгі деңгейлерде білім алушылар үшін эпидемиология және биостатистика бойынша жаңа оқу бағдарламаларын іске қосуға көмектесті. 2022 жылғы маусымда "Алматы қаласында АИТВ-мен өмір сүретін адамдар арасындағы жүрек-тамырлары аурулары, ментальды денсаулық және денсаулыққа қатысты мінез-құлық" тақырыбында пилоттық зерттеуді орындауға бағытталған Ұлттық денсаулық институттарының Халықаралық Фогарти орталығының (ҰДИ ХФО) қосымша гранты алынды. "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның ЖҚДМ Олбани университетінің (SUNY) ЖҚДМ-бен бірлесіп, бакалавриатта қос диплом бағдарламасын іске асыруда. Сондай-ақ CDC-пен бірлесіп, далалық эпидемиология бойынша бейінді магистратураның білім беру бағдарламасы, сондай-ақ мейіргер ісі бойынша PhD докторантураның білім беру бағдарламасы іске асырылуда. Мектеп ұжымында 1 академик, 5 ғылым докторы, 25 ғылым кандидаты және 12 PhD докторы жұмыс істейді. 2019 – 2022 жылдары мектептің ОПК ұжымы 11 ғылыми жобаны іске асырды. Қазіргі уақытта мектеп халықаралық ғылыми жобаларды, сондай-ақ ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың ғылыми жобаларын, сондай-ақ ЖОО-ішілік грант есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асыруда.

Стоматология мектебі жақсы оқу-әдістемелік базамен қамтамасыз етілген, заманауи жабдықтармен, фантом кабинеттерімен жарақтандырылған республикадағы жетекші стоматологиялық бейіндегі факультет болып табылады, онда өз қызметін 150-ден астам оқытушы (клиникалық тәлімгерлерді қоса алғанда) жүзеге асырады. Стоматология мектебінің жанындағы кафедраның ОПК тісті ағартудан бастап имплантациялау және тіс-жақ жүйесінің ауытқуларын түзетуге дейін көрсетілетін қызметтердің кең спектрін ұсынады. Емдеудің барлық түрлері ең жаңа технологиялар мен заманауи техниканы

пайдалана отырып жүргізіледі. 2021 жылы инфрақұрылымды дамыту шеңберінде Стоматология мектебінің базасында стоматология бойынша симуляциялық орталық ашылды, еліміздің бірде-бір медициналық жоғары оқу орнында оның баламасы жоқ.

Болон хартиясына сәйкес ректордың 2012 жылғы 4 қыркүйектегі № 747 бұйрығының негізінде шетелдік студенттер санын ұлғайту және университеттің халықаралық рейтингін арттыру мақсатында шетелдік студенттер деканаты, қазіргі Халықаралық факультет құрылды, ол "Жалпы медицина" және "Педиатрия" мамандықтары бойынша ағылшын тілінде мамандар даярлауды жүргізеді. Факультет іске асырып жатқан бакалавриаттың "Жалпы медицина" білім беру бағдарламасы Литва денсаулық ғылымдары университетімен бірлесіп әзірленген. "ҚазҰМУ" КеАҚ-да табысты интернационалдандырудың арқасында жыл сайын шетелдік студенттер контингенті ұлғаюда. Шетелдік білім алушылардың негізгі контингенті – Үндістаннан, Пәкістаннан, Иорданиядан, Ауғанстаннан, Тәжікстаннан, Өзбекстаннан, Египеттен, Қырғызстаннан, АҚШ-тан, Ресейден, Түркиядан және ҚХР-дан келген студенттер. 2022 – 2023 оқу жылында факультетте 20 елден 2319 шетелдік студент және 336 қазақстандық студент оқуда.

Дипломнан кейінгі білім беру факультеті резидентураның 46 білім беру бағдарламасы бойынша дайындықты жүзеге асырады. 2022 – 2023 оқу жылында резидентура бағдарламалары бойынша 1381 адам даярлықтан өтуде. Факультет қызметі еліміздің денсаулық сақтау жүйесі үшін жоғары білікті бәсекеге қабілетті медицина кадрларын, резидент-дәрігерлерді даярлау мақсатында практикаға бағдарланған білім беру процесін ұйымдастыруға негізделеді. 2020 жылы Біріккен аккредиттеу орталығында мамандандырылған аккредиттеуден резидентураның 19 білім беру бағдарламасы, 2021 жылы тағы 20 білім беру бағдарламасы сәтті өтті. 2023 жылы резидентураның тағы 8 білім беру бағдарламасы бойынша алғашқы мамандандырылған аккредиттеуден өту жоспарлануда.

2007 жылдан бастап "ҚазҰМУ" КеАҚ-да магистратура мен PhD докторантурада ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жүргізілуде. "ҚазҰМУ" КеАҚ-да 2019 – 2022 жылдар аралығында барлығы 375 магистр және 183 PhD докторы даярланды. 2022 – 2023 оқу жылында магистратура бағдарламалары бойынша 219 адам , докторантура – 109 адам даярлықтан өтуде. Магистратурада кадрлар даярлау 9 білім беру бағдарламасы бойынша жүргізіледі: Қоғамдық денсаулық сақтау; Денсаулық сақтаудағы менеджмент, Мейіргер ісі, Фармация, Медицина, Биомедицина, Медициналық-профилактикалық іс, Менеджмент және басқару, Фармацевтикалық өндіріс технологиясы, сондай-ақ С. Демирель университетімен бірлесіп іске асырылатын қос дипломды 2 білім беру бағдарламасы бойынша: Денсаулық сақтаудағы менеджмент (МВА) және Денсаулық сақтаудағы менеджмент (ЕМВА). Докторантурада

кадрлар даярлау 5 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады: Қоғамдық денсаулық сақтау, Мейіргер ісі, Фармация, Медицина, Фармацевтикалық өндіріс технологиясы.

"ҚазҰМУ" КеАҚ-ның Симуляциялық орталығы қызметінің негізгі мақсаты университеттің білім беру моделінде құзыреттілік тәсілді іске асыру шеңберінде болашақ медицина жұмыскерінің операциялық және коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру және дамыту болып табылады. Білім беру процесі ең жаңа технологияларды пайдалана отырып, клиникалық міндеттер кейстерін және әртүрлі күрделілік деңгейіндегі проблемалық жағдайларды пайдалана отырып, дағдыларды виртуалды тренажерларда, робот-манекендерде қадамдық пысықтау, клиникалық ойлау дағдыларын қалыптастыратын теориялық білімді практикада қолдану арқылы ұйымдастырылды. "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның Симуляциялық орталығында бакалавриатта базалық дағдыларды, магистратурада арнайы дағдыларды, резидентурада арнайы және ерекше дағдыларды, докторантурада мамандандырылған және жүйелі дағдыларды практикалық оқыту және дамыту, сондай-ақ денсаулық сақтау мамандарын, фельдшерлерді және жеке тұлғаларды практикалық оқыту мүмкіндігі бар. Симуляциялық орталықта: акушерлік және гинекология блогы, хирургия блогы, неонатология және педиатрия блоктары, терапия блогы, реанимация блогы, триаж жүйесі – ересектерге арналған жедел жәрдем бөлмесі, мейіргерлік дағдыларды пысықтау блогы, "Тьютормэн" интерактивті жүйесі, "Фармация" блогы жұмыс істейді. Жабдықтар бірлігінің жалпы саны 500 бірліктен асады. Орталық ұжымында 17 оқытушы, оның ішінде 2 ғылым докторы, 8 ғылым кандидаты және PhD докторлары жұмыс істейді, олар сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. 2022 – 2023 оқу жылында орталықта ЖПД мамандығы 6-курсының 940 интерні, халықаралық факультеттің ЖПД мамандығы 7-курсының 763 интерні, 3-курстың 1577 студенті, 4-курстың 1062 студенті және 5-курстың 839 студенті оқудан өтті.

"ҚазҰМУ" КеАҚ-ның Университеттік клиникасында 22 кафедра орналасқан, ондағы ОПК пациенттерге бейіні бойынша консультациялық және емдеу көмегін жүзеге асырады. Клиника үш типтік ғимаратта орналасқан: "Балалар орталығы", "Ішкі аурулар орталығы", "МСАК орталығы" және қуаты 250 төсекті құрайтын көп бейінді төсек құрылымы бар. Клиника медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК), стационарлық көмек, консультациялық-диагностикалық көрсетілетін қызметтер (бұдан әрі – КДҚ), жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтер (бұдан әрі – ЖТМК), мамандандырылған көмек (бұдан әрі – ММК) көрсетеді. Стратегиялық даму және инновациялық технологияларды енгізу шеңберінде Университеттік клиника Пусан университетімен (Оңтүстік Корея) ынтымақтастық туралы меморандумдарға; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Транспланттауды және жоғары технологиялық көрсетілетін медициналық қызметтерді үйлестіру жөніндегі республикалық орталық" ШЖҚ РМК, "С.Ж. Асфендияров

атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" КеАҚ және "Қазақстан халқына" қоғамдық қоры арасында көз органдарының аурулары бар пациенттерге медициналық көмек көрсету бойынша өзара түсіністік туралы келісімге қол қойды. Жылына 100 пациентке кохлеарлық имплантация бойынша операциялар сәтті жүргізілуде, 2022 жылы 200 пациентке мемлекеттік тапсырыс алынды. ЖТМҚ операциясын жүргізу балаларға медициналық көмек көрсетудің 3-деңгейін растайды. Балалар оториноларингологиясы мамандығы бойынша барлық инновациялық хирургиялық араласулар Балалар орталығының базасында жүргізіледі. Осы операциялар негізінде клиникалық хаттамаларға жаңартулар әзірленеді және енгізіледі.

3.3-тарау. Еңбек нарығының кадрларға қажеттілігінің өзгеру үрдісінің болжамы

Статистикалық деректерге сәйкес 2021 жылғы 1 қаңтардағы ахуал бойынша барлық ведомстволарды ескере отырып, денсаулық сақтау жүйесінде 262200 медицина жұмыскері, оның ішінде 76443 дәрігер, 185757 орта медицина жұмыскері жұмыс істейді" (<https://primeminister.kz/ru/news/reviews/obzor-kazahstanskoy-sistemy-zdravoohraneniya-itogi-2021-goda>). Қазақстанда медицина кадрларының тапшылығы 7,7 мыңнан астам адамды құрайды, оның ішінде дәрігерлер – 3,9 мыңға жуық, орта буын медицина жұмыскерлері – 3,8 мың маман. Мамандықтар бөлінісінде жалпы практика дәрігерлері арасында анағұрлым көп тапшылық байқалады – 480,5 штат бірлігі (оның ішінде ауылда – 178), анестезиолог-реаниматологтар – 416,25 штат бірлігі (39,25), терапевттер – 333,5 штат бірлігі (75,75), педиатрлар – 256,5 штат бірлігі (47,25), акушер-гинекологтар – 233,25 штат бірлігі (64,25), инфекционистер – 139 штат бірлігі (27), неврологтар – 128,5 штат бірлігі (28,5), хирургтар – 147,5 штат бірлігі (38,5), онкологтар – 99,5 штат бірлігі (30,25), кардиологтар – 93,25 штат бірлігі (25,5) (<https://primeminister.kz/ru/news/reviews/obzor-kazahstanskoy-sistemy-zdravoohraneniya-itogi-2021-goda>). Тапшылықты жабу көбінесе лауазымдарды біріктіру арқылы жүзеге асырылады, қоса атқарудың жалпы коэффициенті кейде бір жарым ставкадан асуы мүмкін. Сонымен қатар халық санының жыл сайынғы ұлғаюы, медициналық кадрлардың табиғи кетуі, мамандардың кетуі және басқа да факторлар денсаулық сақтау жүйесінде кадрлар тапшылығы әлі де сақталады деген болжам жасауға мүмкіндік береді.

4-бөлім. Бағдарламаның пайымы

Осы Бағдарламаны іске асыру "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның "денсаулық сақтау мен ғылымның академиялық жүйесі қағидаттарында үздіксіз дамып келе жатқан, бір құндылықтарды бөлісетін кәсіпқойлар денсаулық туралы және адамдардың денсаулығы үшін білімді қалыптастыру, беру және пайдалану үшін күш біріктірген, студентке бағдарланған инновациялық университет" болып қалыптасуына негізделген.

"ҚазҰМУ" КеАҚ-ның денсаулық пен білім берудің ұлттық тұрғыдан дамуына қосар үлесі оқытудың прогрессивті нысандарын, жаңа технологияларды, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді пайдалана отырып, заманауи білім беру жүйесі негізінде медициналық және фармацевтикалық бейіндегі мамандарды даярлаудың жоғары сапасына және Университеттің жоғары білікті ОПҚ-ының Қазақстан Республикасының халқына медициналық көмек көрсетуіне негізделеді.

5-бөлім. Бағдарламаның миссиясы

Бағдарламаның миссиясы "ҚазҰМУ" КеАҚ миссиясымен айқындалады: "Озық білім беру, ғылыми және медициналық технологияларды интеграциялау негізінде бәсекеге қабілетті денсаулық сақтау мамандарын даярлау арқылы қоғамға қызмет ету". Миссияны іске асыру кезінде Университет корпоративтік құндылықтарды басшылыққа алады: Адамдар, Кәсібилік, Командалық тәсіл, Дәстүрлерді ұстану және Ашықтық.

6-бөлім. Бағдарламаның стратегиялық блогы

6.1-тарау. "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі орны мен рөлі

"ҚазҰМУ" КеАҚ еліміздің медициналық жоғары оқу орындары (бұдан әрі – ЖОО-лар) арасында көшбасшы орын алады. 2021 жылы Университет бакалавриаттың 5 бағдарламасы, магистратураның 4 бағдарламасы және докторантураның 2 бағдарламасы бойынша Қазақстанның білім беру бағдарламалары рейтингінде 1-ші орынға ие болып, медициналық ЖОО арасында ҚР ЖОО-ларының сұранысқа ие болу ұлттық рейтингінде 1-орын алды. "ҚазҰМУ" КеАҚ "IAAR Eurasian University Ranking-2021" (НАРР) Халықаралық рейтингінің "IAAR EUR Quality Star Award" номинациясы бойынша үздік деп танылды.

2022 жылы "ҚазҰМУ" КеАҚ QS World University Ranking (QS WUR) әлемдік университеттер рейтингінде әлемдегі ең үздік 700 университеттің және QS ЕЕСА ЖОО-ның үздік 150 рейтингінің қатарына кіріп, 146-орынды иеленді. Сондай-ақ 2022 жылы "ҚазҰМУ" КеАҚ алғаш рет QS Asian University Rankings рейтингінде үздік 350-ге кірді, онда Орталық Азия университеттері арасында 14-орында.

"ҚазҰМУ" КеАҚ базасында "Денсаулық сақтау" кадрларын даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігі (бұдан әрі – ОӘБ) жұмыс істейді. ОӘБ қызметіне басшылықты білім беру саласындағы уәкілетті органның жанындағы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесі (бұдан әрі – РОӘК) жүзеге асырады.

ОӘБ құрылымы негізгі құрамды, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секцияларын, қосымша және бейресми білім беруді, 8 бағыт бойынша білім беру

бағдарламаларының жобаларын басқару топтарын қамтиды. Барлығы ОӘБ 800-ден астам денсаулық сақтау мамандарын біріктіреді.

2017 жылы "ҚазҰМУ" КеАҚ ISO 9001:2015 халықаралық стандартының жаңа нұсқасы бойынша СМЖ сәйкестік сертификатын алған Қазақстан Республикасының алғашқы ЖОО-ның бірі болды. Сертификаттауды "SGS" халықаралық швейцариялық компаниясы жүргізді, сертификат нөмірі – СН17/0842. СМЖ қолдану аясы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы білім беру қызметіне, медициналық көрсетілетін қызметтерге, медицина саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерге қолданылады. 2020 жылы "ҚазҰМУ" КеАҚ-ны "CERT International" халықаралық ұйымы СМЖ-ның ИСО 9001:2015 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне қайта сертификаттады. 2021 жылы және 2022 жылы "ҚазҰМУ" КеАҚ сертификатты растаудан өтті.

6.2-тарау. "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының академиялық саясаты

"ҚазҰМУ" КеАҚ "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген академиялық еркіндіктің негізгі қағидаттарын басшылыққа алады. Университет оқыту нәтижелерін тануға және әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінің ұқсас бағдарламаларымен үйлесімділікті арттыруға бағытталған үштілділік саясатын ескере отырып, қолда бар білім беру бағдарламаларын тұрақты негізде түрлендіреді және әзірлейді, осылайша білім алушылардың кіріс және шығыс академиялық ұтқырлығын, қос дипломның жаңа бірлескен білім беру бағдарламаларын және Университетті интернационалдандырудың басқа да мүмкіндіктерін арттыру үшін жағдайлар жасайды. Атап айтқанда, білім беру бағдарламаларын сапалы іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Университет академиялық және ғылыми жұмысқа жетекші шетелдік мамандарды, ғалымдар мен оқытушыларды тартуды жалғастырады. Қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы мен ғылыми тағылымдамаларына ерекше назар аударылатын болады.

6.3-тарау. "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының инновациялық әлеуетін дамыту және оған қол жеткізу

"ҚазҰМУ" КеАҚ ғылыми-зерттеу әлеуетін өрістетуге және іске асыру озық әлемдік стандарттар мен тұжырымдамалар трансферті негізінде зерттеулерге қатысты әдіснамалық тәсілдерді жаңғыртуға, халықаралық ұйымдармен және шетелдік әріптестермен бірлескен ғылыми-зерттеу бағдарламалары мен жобаларын іске асыруға, басым бағыттар бойынша ғылыми тағылымдамалар жүйесін дамытуға және ғылыми

кадрлармен алмасуға негізделетін болады. Университет білім беру менеджменті жүйесін (knowledge management system) басқару бойынша негізгі бизнес-процестерді қамтитын цифрлық экожүйені қалыптастыруға және дамытуға ниетті.

Университет қызметкерлердің ғылыми-зерттеу қызметі мен ғылыми жарияланымдық белсенділігін материалдық ынталандыру шараларын әзірледі және енгізді, ынталандыру үшін Scopus дерекқорының Q1-Q2-Q3 халықаралық рецензияланатын журналдарында жарияланымдар үшін төлемдер жүргізілетін болады. Жас ғалымдарға қолдау көрсетуге ерекше назар аударылатын болады.

Университет резидентураға, магистратураға, PhD докторантураға қабылдауды ұлғайтуға, ғылыми кадрларды даярлау бағыттарының, пост-докторантура бағдарламаларының санын кеңейтуге бағытталған. PhD докторантура және пост-докторантура бағдарламалары бойынша оқудан өткен персоналдың жүргізілген ғылыми зерттеу қорытындылары бойынша диссертацияны уақтылы қорғауға мүдделілігін арттыру жөнінде шаралар қабылданатын болады, бұл ғылыми дәрежені сәтті қорғаған докторанттардың санын едәуір арттырады, ОПК дәрежелілігіне, ғылыми қызметтің нәтижелілігін арттыруға және ОПК-ның инновациялық әлеуетіне оң әсер етеді.

Орын алған COVID-19 пандемиясы денсаулық сақтау, санитариялық-эпидемиологиялық және ветеринарлық қадағалау, ауыл шаруашылығы, климаттың өзгеруіне қарсы күрес және қоршаған ортаны қорғау жүйелерін нығайту саласында бірыңғай тәсілді қамтамасыз етуді білдіретін "бірыңғай денсаулық" ("One health") тұжырымдамасын іске асыру қажеттігін айқын көрсетті. Университет бірыңғай денсаулық сақтау тәсіліне жататын сабақтас салаларда, мысалы, азық-түлік сияқты өнімдердің қауіпсіздігі, зооноздарды зерделеу және олармен күрес, экология саласында академиялық қызметті кеңейту шеңберінде мүмкіндіктерді зерделеу және оларды іске асыру бойынша қадамдар жасайды.

Университеттің инновациялық әлеуетін дамытуға медициналық және фармацевтикалық бейіндегі мамандарды даярлаудың заманауи технологияларын қолдануды қамтамасыз ететін денсаулық сақтау мен ғылымның академиялық жүйесін одан әрі интеграциялау ықпал ететін болады. Осы тұрғыда мамандарды даярлау және медициналық қызметтер көрсету сапасын жетілдіруге "ҚазҰМУ" КеАҚ-да іске асырылатын денсаулық сақтау мен ғылымның академиялық жүйесінің моделі ықпал етеді, оған Б. Атшабаров атындағы іргелі және қолданбалы ғылымның ғылыми-зерттеу институты, Университеттік клиника, сондай-ақ медицинаның негізгі бағыттары бойынша бес жетекші ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми орталықтары кіреді.

Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер мен өзге де ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу үшін жағдайлар жасау және қамтамасыз ету мақсатында мынадай маңызды іс-шараларды ұйымдастыру жоспарлануда:

1) эндаумент-қорға қаржыландыруды тарту

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде білім беру экожүйесін дамытудың негізгі буыны ЖОО жанындағы эндаумент-қорлар болуы тиіс екендігі атап өтілген. 2023 жылғы мамырдан бастап "KazNMU Endowment" қоғамдық қоры жұмыс істейді, оның қаражаты есебінен "Asfen.forum, жаңа буын – 2023" 1-ші халықаралық форумының секциялық отырыстары бойынша жас ғалымдар конкурсының жеңімпаздарына сыйлықақы беру шығыстары жабылды, бұл кейіннен 40 жасқа дейінгі жас ғалымдардың үлесін арттыруға оң әсер етеді;

2) технопарктің ашылуы

ЖБЖҒ тұжырымдамасына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі жетекші білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖБҰ) және ірі кәсіпорындардың жанында мамандандырылған инжинирингтік орталықтарды, ғылыми - технологиялық парктерді қалыптастыру және дамыту міндеті қойылды. "ҚазҰМУ" КеАҚ-да Қазақстан Республикасының бағдарламалық – нысаналы қаржыландыру шеңберінде технопарк құру жұмысы басталды. Технологияларды коммерцияландыру орталығы жұмыс істеген жылдың ішінде "Ғылым қоры" АҚ-мен бірлесіп, көрмелер мен технологияларды коммерцияландырудың салалық реакторы ұйымдастырылды. Технологияларды коммерцияландыру орталығы KazNMU Endowment-пен бірлесіп, университетте меншікті қаржыландыруды тарту және фандрайзингті дамыту бойынша өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеуді жоспарлап отыр;

3) ғылымдағы халықаралық ынтымақтастық

Университеттердің инфрақұрылымына (зертханалар, кітапханалар, ҒЗИ, университеттік клиникалар) өзара қол жеткізу, халықаралық қорлар қаражаты есебінен қаржыландыруға өтінімдер беру арқылы шетелдік университеттермен ғылым саласындағы коллаборацияны дамыту маңызды;

4) жариялау белсенділігін ынталандыру

2023 жылдан бастап ҚазҰМУ-да жарияланымдарды ынталандыру жүйесі құрылды, оған сәйкес авторлар өз зерттеулерін рейтингтік ғылыми журналдарда жариялаған кезде төлемақы алады. Болашақта жоғарыда аталған жүйе жетілдірілетін болады. Ғалымдарға жарияланымдардың сапасын арттыруға көмектесетін шақырылған сарапшылармен ғылыми мақалалар мен жарияланымдар жазу бойынша тұрақты семинарлар мен мастер-кластар өткізу жоспарлануда, бұл өз кезегінде Scopus индекстейтін халықаралық рейтингтік журналдардағы ғылыми мақалалар санының артуына және олардың дәйексөз келтірілуіне әсер етеді;

5) ғылыми зерттеулерді сыртқы және ЖОО-ішілік қаржыландыруды ұлғайту

Ұлттық және халықаралық қорлардан ғылыми зерттеулерге арналған гранттар мен субсидиялар арқылы сыртқы қаржыландыруды іздеу және тарту ғылыми жобалар санын ұлғайтуға, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көздерін әртараптандыруға,

ғылыми-зерттеу қызметіне тартылған ОПК үлесін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Университет қосымша қаржы ресурстарын тарту және бірлескен зерттеу бағдарламаларын жасау үшін өнеркәсіптік серіктестермен және сыртқы ұйымдармен белсенді ынтымақтастықта болады;

б) мақалаларға дәйексөз келтіруді ұлғайту

Университеттің ғылыми жарияланымдарын тарату және танымал ету бойынша жүйелі жұмыс жүргізілетін болады. Бұл ғылыми желілер, әлеуметтік медиа және мамандандырылған платформалар арқылы мақалаларды белсенді түрде ілгерілету, сондай-ақ ашық және архивтік репозиторийлер арқылы жарияланымдарға қолжетімділікті кеңейтуді қамтиды;

7) докторлық диссертацияларды қорғау пайызын ұлғайту

Университет қосымша ресурстар, зертханалар мен жабдықтарға қолжетімділік, сондай-ақ докторанттардың ғылыми жобалары үшін гранттар мен қаржыландыруды алуда қолдау көрсету арқылы олардың ғылыми-зерттеу белсенділігін ынталандырады.

Докторанттарға диссертацияларын дайындау және қорғау процесінде қолдау көрсету және консультациялар беру олардың мерзімінде қорғауға шығуына мүмкіндік береді.

Менторлық бағдарлама құрылады, оның шеңберінде тәжірибелі ғылыми консультанттар докторанттарды бүкіл ғылыми жолында (тәлімгерлік институты) сүйемелдеп, оларға консультация беретін болады;

8) стипендияларды төлеу үшін преференциялар жасау, жетістіктері үшін сыйлықақы беру

Ерекше жетістіктері бар студенттер мен зерттеушілерге арнайы стипендия бағдарламаларын белгілеу ғылыми қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізуге деген ынтаны көтермелеуге мүмкіндік береді.

Жарияланым белсенділігі, ғылыми конференцияларға қатысу, гранттық қаржыландыру алу және докторлық диссертацияларды қорғау сияқты өлшемшарттарға негізделетін үздік зерттеушілерге арналған сыйлықақы беру жүйесін құру ОПК мен зерттеу тобы арасында ғылыми жетістіктер мен белсенділікті ынталандырады.

Университет ғылыми саладағы жетістіктері үшін көзге түскен студенттер мен жас ғалымдарға атаулы стипендиялар тағайындау мүмкіндігін қарастырады. Бұл студенттер мен зерттеушілерге жоғары нәтижелерге ұмтылуға және ғылыми мансапта алға жылжуға қосымша ынталандырады.

6.4-тарау. "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының ғылыми-техникалық әзірлемелерін коммерцияландыру

Әлемдік дамудың қазіргі кезеңі ұлттық денсаулық сақтау, білім беру және ғылым жүйелері алдында жаңа сын-қатерлер қоюда. Әлемге мамандықтардың тоғысында, атап айтқанда медицинаның биофизика, биоинформатика, биохимия, робототехника, кибернетика сияқты ғылым салаларымен түйіскен жерінде зерттеулер жүргізетін мамандар қажет. Университет осы бағыттағы қызметті елдің қажеттілігін және өзінің мүмкіндіктерін ескере отырып, мысалы, тиісті стартаптарды дамыту үшін жағдай жасау және тиісті мамандарды даярлау арқылы дамытуға ниетті.

"Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ғылым мен бизнестің мүдделерін біріктіру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (бұдан әрі – ҒҒТҚН) коммерцияландыру жобаларын қаржыландыру және сүйемелдеу үшін құқықтық база бар, алайда бизнес (стартаптар) үшін жағдай жасау және зерттеушілер үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің дербестендірілмеген дерекқорларына қол жеткізу мәселесін шешу қажет. ҒТ-парк концептісінде бизнес-инкубатор, үдеткіш және коммерцияландыру элементтері болуы тиіс.

Университет жеке сектор тарапынан қоса қаржыландырылатын қолданбалы ғылыми-зерттеу әзірлемелерінің үлесін ұлғайтуға, трансляциялық медицинаны дамытуға, халықаралық стандарттарға (аккредиттеуге) сәйкестік сертификаттарын ала отырып, зерттеу және өндірістік инфрақұрылымды жаңғыртуға ұмтылатын болады, бұл Университетке фармацевтикалық компаниялар жүргізетін клиникалық зерттеулердің екінші және үшінші кезеңдерінде база ретінде әрекет етуге де мүмкіндік береді.

"ҚазҰМУ" КеАҚ жастардың кәсіпкерлік қызметке қызығушылығын арттыру және стартаптарға барынша қолдау көрсету мақсатында мемлекеттік және жеке ұйымдармен ынтымақтастықты дамытуға ниетті. 2023 жылы "ALMATY Business – 2025" кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік бағдарламасын іске асыру шеңберінде "QOLDAU" кәсіпкерлік орталығымен Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. "Startup Academy" технологиялық кәсіпкерлік курсы өтеусіз негізде енгізу мақсатында "AstanaHub" IT-стартаптар халықаралық технопаркімен ынтымақтастық жоспарлануда.

7-бөлім. Бағдарламада қойылған мақсатқа қол жеткізу жолдары

Мақсат – "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның зерттеу университеті ретіндегі позициясын ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін клиникалық практика мен білім беру процесіне жедел трансляциялау арқылы нығайту.

Неғұрлым өзекті және өзара байланыста университеттің сапалы өсуін қамтамасыз етуге қабілетті "ҚазҰМУ" КеАҚ 2024 – 2028 жылдар кезеңіне дамудың мынадай басым жолдарын айқындады:

Бірінші басым бағыт білімнің, клиника мен ғылымның интеграциясы негізінде мамандарды даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл бағыт

пациенттерге қызмет көрсету үшін заманауи технологияларды пайдаланатын пәнаралық және кәсіпаралық ынтымақтастыққа және жанашырлықпен эмпатияға, оның ішінде білім беру процесіндегі академиялық білімнің, ғылым мен практиканың теңгерімді арақатынасы негізінде дайын мамандарды даярлау сапасын арттыруға бағытталған.

Университет өз жұмысын қызметі елдің денсаулық сақтау, медициналық және фармацевтикалық білім берудің тиісті салаларын дамытуға елеулі үлес қосуы тиіс екенін және қосатынын түсіне отырып құратын болады.

Бітірушілер Қазақстан нарығында ғана сұранысқа ие болып қана қоймай, бәсекеге қабілетті және сонымен қатар халықаралық стандарттарға сай болуы тиіс.

"ҚазҰМУ" КеАҚ қолда бар білім беру бағдарламаларын, оның ішінде халықаралық рейтингтердегі үздік 700 әріптес ЖОО-мен бірлесе отырып түрлендіреді және жаңаларын әзірлейді. "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның магистранттар, докторанттар және резиденттер үшін білім беру бағдарламаларының міндетті шарты ғылыми сипаттағы жобаларға қатысу болады.

Білім беру процесінің практикалық клиникалық компонентін ұлғайтуға және Университеттік клиника мен еншілес ұйымдардағы ЖТМК үлесін арттыруға ерекше назар аударылатын болады.

Университеттің негізінен бітірушілерді даярлау сапасына байланысты болатын академиялық және кәсіби қоғамдастық арасындағы беделі Университеттің әлемдік жоғары білім рейтингтеріндегі позициясына әсер етеді. Университет QS WUR халықаралық рейтингінде өзінің ілгерілеуін міндет ретінде қойып отыр.

Екінші басым бағыт "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның ғылыми-зерттеу әлеуетін өрістетуге және іске асыру негізінде дамыту болып табылады. Зерттеу мәртебесінің болуы Университетті медициналық және фармацевтикалық білім беру саласында елдегі озық инновациялық ЖОО-ның бірі болуға міндеттейді.

Қазіргі уақытта "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның ғылыми-зерттеу қызметі медицина ғылымының басым бағыттары – биомедицина, фармакология, стоматология, қоғамдық денсаулық сақтау, клиникалық пәндер: кардиология, онкология, ішкі аурулар, балалар хирургиясы, акушерлік және гинекология ескеріле отырып жүргізіледі.

Атап айтқанда, геномика, жасушалық технологиялар және биомедицина, қолданбалы дербестендірілген медицина, трансляциялық ғылым және қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы жобалар бар.

ҚазҰМУ-дың ғылыми-зерттеу қызметінде ғылыми-техникалық әзірлемелерді коммерцияландыру мәселелері маңызды орын алады, Университет жеке қоса қаржыландыруды алатын қолданбалы ғылыми-зерттеу әзірлемелерінің үлесін ұлғайтуға және халықаралық әрі ұлттық стандарттарға сәйкестік сертификаттарын ала отырып, зерттеу және өндірістік инфрақұрылымды жетілдіруге ұмтылатын болады. Қазіргі уақытта іргелі және қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін практикалық денсаулық

сақтауға, фармацевтикалық бизнеске және медициналық бұйымдар секторына аударуға сұраныс пен ұсыныстар бар.

Бір ОПҚ-ға, бір жарияланымға дәйексөз келтіру индекстері, докторанттардың, магистранттар мен бакалаврлардың арақатынасы, Хирш индексі, бір ОПҚ-ға жарияланымдар саны және ғылыми зерттеулер саласындағы халықаралық ынтымақтастық сияқты көрсеткіштер "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның жоғары білім беру ұйымдарының әлемдік рейтингтеріндегі позициясын айқындау кезінде де маңызды болып табылады.

ОПҚ мен білім алушылардың ғылыми қызмет саласындағы белсенділігінің арттыру "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның жүргізілетін зерттеулер сапасының неғұрлым жоғары деңгейіне шығуы үшін негізгі алғышарттардың бірі болады.

Университет денсаулықты сақтау және нығайту мүддесі үшін IT сияқты әртүрлі пәндердің тоғысында зерттеуші мамандарды даярлау бойынша белсенділікті ықтимал құру және дамыту бойынша маңыздылығы мен орындылығын талдау бойынша әрекет жасайды.

"ҚазҰМУ" КеАҚ-ның үшінші басым бағыты қызметті интернационалдандыру негізінде халықаралық академиялық және ғылыми қоғамдастыққа интеграциялану болып табылады.

Интернационалдандыру бойынша бастамалар төрт бағытта жүзеге асырылады: ғылым, білім, практика және басқару (менеджмент).

Университет білім беру, ғылым және практика саласындағы шетелдік әріптестермен ұзақ мерзімді бірлескен жобаларды іске асыруға, қос диплом бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға, бірлескен зертханалар құруға, академиялық ұтқырлықты дамытуға, филиалдар ашу мүмкіндіктеріне, оның ішінде шетелде, басқарушылық тәжірибемен алмасуға назар аударады.

Университет елдегі және әлемнің осы өңіріндегі жетекші зерттеу университеттерінің бірінде медициналық білім алуға немесе біліктілігін арттыруға ұмтылатын адамдар үшін тартымды орын болады. Университет бірлескен ғылыми жобаларды қаржыландыруға дайын және оған ықпал ететін шетелдік ғылыми әріптестермен ынтымақтастықты дамытуға ниетті.

Университеттің шетелдік мамандарды, ғалымдар мен оқытушыларды шақыруы Scopus базасында тіркелетін бірлескен ғылыми жарияланымдар санын ұлғайтуға, сондай-ақ шетелдік білім алушылар мен ОПҚ санын тиісті деңгейде ұстауға бағытталады болады. Бұл көрсеткіштер Университеттің жоғары білім берудің әлемдік рейтингтеріндегі позициясына да әсер етеді.

Төртінші басым бағыт тиімді басқару және орнықты даму болып табылады. "ҚазҰМУ" КеАҚ елімізде ғана емес, сондай-ақ өңірде де беделді зерттеу университетіне айналады. "ҚазҰМУ" КеАҚ құрылымы дамудың стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес құрылатын болады. Академиялық, кадрлық, коммуникациялық

сияқты өзектілендірілген саясаттар негізінде құрылған бизнес-процестер жетілдірілетін болады.

"ҚазҰМУ" КеАҚ Университеттің әртүрлі мүдделері теңгерімінің қажеттігін, оның ішінде еншілес ұйымдар мен филиалдарды дамыту қажеттігін ескеретін корпоративтік басқару құрылымын дамытатын болады.

"ҚазҰМУ" КеАҚ орнықты дамуының негізгі шарттарының бірі қаржылық тұрақтылық болып табылады, ол университет қызметінің, оның ішінде экономикалық құрамдас бөліктері тұрғысынан қаншалықты тиімді болатынына байланысты болады. Бұл ретте ресурстардың түсімін ұлғайтуға да, сол сияқты оларды жұмсауға ұқыпты қарауға да назар аударылатын болады. Қаражатты ұтымды пайдалану үшін жауапкершілікті арттыра отырып, құрылымдық бөлімшелер арасында бюджет қаражатын орталықсыздандыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

"ҚазҰМУ" КеАҚ қаржыландыру көздерінің тізімін оларды әртараптандыру мақсатында кеңейтуге күш-жігерін салады. Фандрайзингті, жобалық тәсілді белсенді енгізу, эндаумент-қорды, spin-off құрылымдарды құру мүмкіндіктеріне назар аударылатын болады.

Нарықта бәсекеге қабілеттілік пен орнықты позициялауды қамтамасыз ететін аса маңызды құралдардың бірі ретінде "ҚазҰМУ" КеАҚ маркетинг саласындағы қызметті дамытатын болады.

Адами ресурстарды дамыту және заманауи инфрақұрылымды қамтамасыз ету міндеттері ерекше маңызды және ауқымды болып табылады. "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуі көбінесе персоналдың сапасы мен уәждемесіне, жұмыскерлердің кәсіби, мансаптық және тұлғалық өсу мүмкіндіктері мен қызығушылығына байланысты. Осы тұрғыда "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның жоғары білімнің әлемдік рейтингтеріндегі позициясына ОПҚ мен білім алушылар санының арақатынасы, сондай-ақ ғылыми дәрежесі бар ОПҚ саны сияқты көрсеткіштер әсер етеді.

Бағдарламаның алға қойылған мақсатына қол жеткізу үшін "ҚазҰМУ" КеАҚ Университеттің 2024 – 2028 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасын әзірлейді, онда жоғарыда көрсетілген дамудың басым бағыттары бойынша нақты іс-шаралар қамтылатын болады.

8-бөлім. Бағдарламаны іске асырудың күтілетін нәтижелерін сипаттау

Осы бағдарламаны басым бағыттар бойынша іске асыру нәтижесінде "ҚазҰМУ" КеАҚ дамуының мынадай оң болжамдары күтіледі:

"ҚазҰМУ" КеАҚ-ның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлерінде академиялық білім беруді, ғылыми қызмет пен клиникалық практиканы интеграциялауды күшейту негізінде жоғары сапалы мамандар даярлау қамтамасыз етілетін болады:

- 1) Университеттің QS WUR әлемдік рейтингіндегі позициясы сақталады;
- 2) халықаралық рейтингтердің үздік 700-не кіретін серіктес ЖОО-мен бірлесіп әзірленген білім беру бағдарламаларының саны артады;
- 3) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алған, жұмысқа орналасқан немесе ЖОО бітіргеннен кейінгі бірінші жылы оқудың келесі деңгейіне түскен бітірушілердің жоғары үлесі сақталады;
- 4) "ҚазҰМУ" КеАҚ Университеттік клиникасында және еншілес ұйымдарында ЖТМҚ үлесі ұлғаяды;
- 5) 2028 жылға қарай негізгі нысаналы топтардың (білім алушылар, пациенттер, қызметкерлер, жұмыс берушілер) "ҚазҰМУ" КеАҚ қызметіне қанағаттануы кемінде 85 % деңгейінде қамтамасыз етілетін болады.

"ҚазҰМУ" КеАҚ-ның ғылыми-зерттеу қызметі күшейтіледі:

- 1) сыртқы қаржыландыру шеңберінде іске асырылатын ғылыми жобалар мен бағдарламалардың саны ұлғаяды;
- 2) өндірістік персоналдың Scopus базасы бойынша орташа Хирш индексі ұлғаяды;
- 3) Scopus индекстейтін халықаралық рейтингтік журналдарда соңғы бес жыл ішінде жарияланған ғылыми мақалалар санының өндірістік персоналдың жалпы санына қатынасы жақсарады;
- 4) Scopus базасы бойынша соңғы 5 жыл ішінде жарияланған ғылыми мақалаларға дәйексөз келтірудің орташа деңгейі артады;
- 5) білім алушылардың жалпы контингентінен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың үлесі артады;
- 6) 40 жасқа дейінгі жас зерттеушілердің үлесі өседі;
- 7) коммерцияландырылған ғылыми жобалар мен патенттердің, оның ішінде халықаралық патенттердің саны артады.

Ғылым, білім, клиника және басқару (менеджмент) бағыттары бойынша қызметті интернационалдандыру негізінде халықаралық академиялық және ғылыми қоғамдастыққа интеграциялану күшейтілетін болады:

- 1) оқытушылық қызметке тартылған шетелдік мамандардың саны ұлғаяды;
- 2) "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның шетелдік өкілдігін немесе филиалын ашу жоспарлануда.

Тиімді басқару және орнықты даму жөніндегі міндеттерді табысты шешудің шарты "ҚазҰМУ" КеАҚ-ны және оның қызметінің жекелеген бағыттарын: стратегиялық жоспарлау, даму процестерін басқарудың жобалық әдісін енгізу, бизнес-процестерді реинжинирингтеу, кадр саясатын қайта құру, персоналды дамыту және ынталандыру, қаржылық модельді өзгерту, қаржыландыру көздерін әртараптандыру, оның ішінде эндаумент-қорды құру және дамыту, бизнес-процестерді құруда цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалану, серіктес ұйымдардың

зияткерлік, кадрлық және инфрақұрылымдық ресурстарын тарту, бенчмаркинг, брендті позициялау және дамыту, имиджді нығайту, инфрақұрылымды жаңғырту негізінде түбегейлі трансформациялау болып табылады, атап айтқанда:

1) "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның қызметін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның мақсаттары мен стратегиялық көрсеткіштеріне қол жеткізу тиімділігін арттырады;

2) ішкі нормативтік құжаттардың өзекті базасы "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның мақсаттары мен көрсеткіштеріне тиімді қол жеткізуді қамтамасыз етеді, "ҚазҰМУ" КеАҚ бизнес-процестері оңтайландырылады, бұл еңбек және қаржы ресурстарын үнемдеуге әкеледі;

3) шетелде, оның ішінде "Болашақ" халықаралық бағдарламасы шеңберінде оқудан немесе тағылымдамадан өткен 45 жасқа дейінгі ОПҚ үлесі ұлғаяды;

4) көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінен электрондық түрде көрсетілетін қызметтердің үлесі айтарлықтай ұлғаяды;

5) "ҚазҰМУ" КеАҚ кірістерінің шығыстарға қатынасы бір деңгейде сақталады, ОПҚ-ның 1 ставкасына орташа жалақы Қазақстан бойынша орташа жалақыдан асатын болады.

9-бөлім. Бағдарламаның нысаналы индикаторлары көрсетілген, жылдар бойынша бөле отырып, Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат

P/c №	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
			I кезең		II кезең		
			2024	2025	2026	2027	2028

1	2	3	4	5	6	7	8
Мақсат – "ҚазҰМУ" КеАҚ-ның зерттеу университеті ретіндегі позициясын ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін клиникалық практика мен білім беру процесіне жедел трансляциялау арқылы нығайту							
1-міндет. Білімнің, клиника мен ғылымның тығыз интеграциясы негізінде мамандарды даярлау сапасын арттыру							
1.	Университеттің QS W U R әлемдік рейтингіндегі позициясы	позиция	900+	900+	900+	900+	900+
	Халықаралық рейтингтердің үздік 700-не кіретін серіктес						

2.	ЖОО-мен бірлесіп әзірленген білім беру бағдарламаларының саны	бірл.	-	1	-	-	1
3.	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алған, жұмысқа орналасқан немесе ЖОО бітіргеннен кейінгі бірінші жылы оқудың келесі деңгейіне түскен бітірушілердің үлесі	кемінде %	95	95	95	95	95
4.	Университеттік клиникадағы және еншілес ұйымдардағы жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтердің (ЖТМҚ) үлесі	кемінде %	2,1	2,2	2,3	2,4	2,5
5.	Қанағаттанушылықтың интегралдық көрсеткіші (жұмыс берушілер, білім алушылар, қызметкерлер (ОПҚ және ӘБП) пациенттер)	кемінде %	83	83	84	84	85

2-міндет. Ғылыми-зерттеу әлеуетін өрістетуге үшін жағдай жасау және оны іске асыру негізінде дамыту

6.	Сыртқы қаржыландыру шеңберінде іске асырылатын ғылыми жобалар мен бағдарламалардың саны	саны	1	2	2	3	3
7.	Өндірістік персоналдың Scopus базасы бойынша орташа Хирш индексі	индекс	0,51	0,53	0,55	0,58	0,6
8.	Scopus индекстейтін халықаралық рейтингтік журналдарда соңғы бес жыл ішінде жарияланған ғылыми мақалалар санының өндірістік персоналдың жалпы санына қатынасы	арақатынасы	1: 4	1: 4	1: 3,9	1: 3,9	1: 3,8
9.	Scopus базасы бойынша соңғы 5 жыл ішінде жарияланған ғылыми мақалаларға дәйексөз келтірудің орташа деңгейі	бірл.	18	19	20	21	22
	Білім алушылардың жалпы контингенті						

10.	нен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың үлесі	кемінде %	14,3	14,4	14,5	14,6	14,7
11.	40 жасқа дейінгі жас зерттеушілердің үлесі	кемінде %	20	25	30	35	40
12.	Патенттердің, оның ішінде халықаралық патенттердің саны	бірл.	16	17	18	19	20
13.	Коммерцияландырылған ғылыми жобалар саны	бірл.	1	1	1	1	1
3-міндет. Ғылым, білім, клиника және басқару (менеджмент) бағыттары бойынша қызметті интернационалдандыру негізінде халықаралық академиялық және ғылыми қоғамдастыққа интеграциялану							
14.	Оқытушылық қызметке тартылған шетелдік мамандардың саны	бірл.	6	7	8	9	10
15.	"ҚазҰМУ" КеАҚ-ның ашылған шетелдік өкілдіктерін немесе филиалдарының саны	бірл.	-	-	1	-	-
4-міндет. Тиімді басқару және орнықты даму факторлары ретінде қаржылық тұрғыдан тұрақты жүйені құру және халықаралық нарықта Университеттің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу							
	Шетелде, оның ішінде "Болашақ" халықаралық						

16.	бағдарламасы шеңберінде оқудан немесе тағылымдамадан өткен 45 жасқа дейінгі ОПҚ үлесі	кемінде %	6	7	8	9	10
17.	Көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінен электрондық түрде көрсетілетін қызметтердің үлесі	кемінде %	25	30	40	50	60
18.	ОПҚ-ның 1 ставкасына орташа жалақының Қазақстан бойынша орташа жалақыға қатынасының коэффициенті	коэф.	1,2	1,2	1,2	1,2	1,2
19.	Университет кірістерінің шығыстарға қатынасының коэффициенті	коэф.	1,04	1,04	1,04	1,04	1,04

"С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы даму бағдарламасының нысаналы индикаторларын есептеу әдістемесі

Р/с №	Нысаналы индикаторлар	Есептеу әдістемесі	Қосу/Алып тастау өлшемшарттары	Растайтын құжаттар	Бенчмаркинг немесе ұлттық және/немесе даярдау сапасын салалық деңгейде өзара байластырылуының құрамы
			Қосу өлшемшарттары:	1) сілтеме	Байластырылуының құрамы
		["ҚазҰМУ" КеАҚ-ның			

1.	<p>Университеттің QS WUR нұсқасы бойынша озық университеттердің әлемдік рейтингіндегі позициясы</p>	<p>есепті күнтізбелік жылдағы QS WUR нұсқасы бойынша үздік университеттер рейтингіндегі позициясы]</p>	<p>QS WUR рейтингін қалыптастыратын индикаторларға қойылатын талаптарға сәйкес</p>	<p>2) нақты күні бар скринкөшірме</p>	<p>ың 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы</p>
2	<p>Халықаралық рейтингтердің үздік 700-не кіретін серіктес ЖОО-мен әзірленген бірлескен білім беру бағдарламаларының саны</p>	<p>Есепті күнтізбелік жылы халықаралық рейтингтердің үздік 700-не кіретін серіктес ЖОО-мен бірлесіп әзірленген жаңа білім беру бағдарламаларының саны</p>	<p>Қ о с у өлшемшарттары : Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген халықаралық рейтингтердің үздік 700-не кіретін серіктес ЖОО-мен бірлесіп әзірленген білім беру бағдарламалары ескеріледі</p>	<p>1) халықаралық рейтингтердің үздік 700-не кіретін серіктес ЖОО-лармен меморандум немесе шарт 2) тиісті тақырыбы, күні, екі мөрі бар (университет және әріптес ЖОО) білім беру бағдарламасының (бұдан әрі – ББ) өзекті көшірмесі, ББ-да оның бірлескен екендігі жазылуы тиіс; 3) ҚР ҒЖЖБМ ББ тізілімінен скриншот</p>	<p>"Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген.</p>
		<p>[Есепті күнтізбелік жылы бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс</p>	<p>Қ о с у өлшемшарттары : Есепті жылы бакалавриат, интернатура, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауды тапсырған, ҚР азаматтары</p>	<p>1) бітірушілер контингенті; 2) оқуды жалғастырса, онда білім алатын ЖОО-дан анықтама немесе бұйрық; 3) жұмыс орнынан анықтама; 4) бітірушілердің мансап орталығының басшысы куәландырған бітірушілердің тізімдері:</p>	<p>1. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023</p>

	<p>Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алған, жұмысқа орналасқан және ЖОО бітіргеннен кейінгі бірінші жылы оқудың келесі деңгейіне түскен бітірушілердің үлесі</p>	<p>бойынша білім алған, денсаулық сақтау және медициналық білім беру ұйымдарында жұмысқа орналасқан және есепті жылы оқудың келесі деңгейіне түскен бітірушілердің саны]/[есепті күнтізбелік жылдағы бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған бітірушілердің жалпы саны] × 100</p>	<p>болып табылатын, мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алған және кейінге қалдырылмаған бітірушілер. Алып тастау өлшемшарттары :</p> <ul style="list-style-type: none"> • ҚР азаматы болып табылмайтын бітірушілер; • кейінге қалдырылған бітірушілер (бала күтімі бойынша демалыс, әскери қызмет); • мемлекеттік емес тапсырыс бойынша оқыған бітірушілер; • еңбекке тұрақты жарамсыздығы белгіленген бітірушілер 	<p>жұмысқа орналасқан бітірушілердің тізімі, одан әрі оқуға түскен бітірушілердің тізімі, жұмысқа орналасу міндеттемесінен босатылған бітірушілердің тізімі;</p> <p>5) өз бетінше жұмысқа орналасуын растайтын құжаттар (жүкті әйелдің айырбастау картасының көшірмесі; жүктілік туралы анықтама; егер түлек бала күтімі демалысында болса, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі; егер түлек әскерде болса, әскери комиссариаттан анықтама);</p> <p>6) ЖОО-дан шығару туралы бұйрық.</p>	<p>– 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы 2. "Атамекен" ҰКП деректері бойынша " денсаулық сақтау" бағыты бітірушілерінің 70 %-ы мамандық бойынша жұмыс істейді, 19 %-ы мамандық бойынша жұмыс істемейді. Бұл білім беру бағдарламаларының барлық топтары арасында ең жақсы көрсеткіштер болып табылады .</p>
			<p>Қосу өлшемшарттары :</p> <p>1) 7 – 10 балл жинаған технология;</p> <p>2) технологияның Қазақстанда аналогтары және (немесе) баламалы емдеу әдістері жоқ;</p> <p>3) технология тиімділігі жағынан</p>		

4	<p>Университет клиникасындағы және еншілес ұйымдардағы жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтердің ЖТМҚ) үлесі</p>	<p>[Ж Т М Қ қызметтерінің саны]/[стационарлық көрсетілетін қызметтердің жалпы саны] * (100</p>	<p>Қазақстанда қолданылатын аналогтардан және (немесе) баламалы емдеу әдістерінен асып түседі</p> <p>Алып тастау өлшемшарттары :</p> <p>1) технология әлемде 10-15 жылдан астам уақыт бойы қолданылып келеді;</p> <p>2) технология тиімділігі бойынша Қазақстанда қолданылатын аналогтармен және (немесе) баламалы емдеудің әдістерімен салыстырымды;</p> <p>3) технология тиімділігі бойынша Қазақстанда қолданылатын аналогтардан және (немесе) баламалы емдеу әдістерінен кем түседі</p>	<p>МАЖ-дан құжаттарды жүктеп алу</p>	<p>2022 жылғы республикалық көрсеткіш 0,7%-ды құрайды, оның ішінде Алматы қаласы бойынша – 1,9 %, Астана қаласы бойынша – 3,0 %</p>
		<p>Жалпы сомасы [тұтынушыларды</p>	<p>Қ о с у өлшемшарттары :</p> <p>1) ОПҚ – жоғары білімі бар, ұйымда негізгі жұмыс орнында ОПҚ лауазымдарын 0,5 және одан да көп ставкада атқаратын барлық мамандар;</p> <p>2) ӘБП – жоғары білімі</p>	<p>1) сауалнаманың көшірмесі;</p>	

5	Қанағаттанушылықтың интегралдық көрсеткіші (жұмыс берушілер, білім алушылар, қызметкерлер (ОПҚ және ӘБП) пациенттер)	ң (жұмыс берушілердің) бітірушілерді даярлау сапасына қанағаттану деңгейі; + білім алушылардың университеттегі оқу сапасы мен шарттарына қанағаттану деңгейі; + оқытушы-профессорлық құрамның жұмыс жағдайларына және кәсіптік даму мүмкіндіктеріне қанағаттану деңгейі; + ӘБП-нің жұмыс шарттарына қанағаттану деңгейі; + халықтың университеттік клиникалардың медициналық көмек көрсету сапасына қанағаттану деңгейі] / 5	бар, әкімшілік-басқару персоналы лауазымдарын атқаратын, ұйымда 0,5 және одан да көп ставкада жұмыс істейтін барлық мамандар; 3) жұмыс берушілер - университет бітірушілері жұмыс істейтін мемлекеттік және жеке ұйымдар; 4) білім алушылар - бакалаврлар, интерндер, резиденттер, магистранттар, докторанттар; 5) пациент - бұл медициналық көмекке жүгінген, медициналық бақылаудағы немесе Университеттің клиникаларында медициналық көмек алатын жеке тұлға; 6) қызметкерлердің, білім алушылардың, жұмыс берушілердің қанағаттанушылығын бағалау сауалнама әдісімен жүргізіледі.	2) нысаналы топтардың қанағаттанушылығын бағалау бойынша бекітілген есептер: ӘБП және ОПҚ қанағаттанушылығын бағалау нәтижелері жөніндегі талдамалық есепті Сапа жөніндегі кеңес бекітеді; жұмыс берушілердің және білім алушылардың қанағаттанушылығын бағалау нәтижелері жөніндегі талдамалық есепті Академиялық кеңес бекітеді; пациенттердің қанағаттанушылығын бағалау нәтижелері жөніндегі талдамалық есепті Клиникалық кеңес бекітеді.	Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР ДСМ-нің 2023 – 2027 жылдарға арналған даму жоспары
---	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

2-міндет. Ғылыми-зерттеу әлеуетін өрістету үшін жағдай жасау және соны іске асыру негізінде дамыту

			Қос үлшемшарттары:		
--	--	--	--------------------	--	--

6	Сыртқы қаржыландыру шеңберінде іске асырылатын ғылыми жобалар мен бағдарламалардың саны	[есепті жылы іске асырылатын жаңа ғылыми жобалар мен бағдарламалардың саны]	<p>1) университет қаржыландырмайтын барлық жобалар мен бағдарламалар; 2) ҚР ҒЖБМ, ҚР ДСМ жобалары; 3) халықаралық жобалар; 4) жергілікті атқарушы органдардың жобалары; 5) жеке ұйымдардың жобалары; 6) МҒТСҰО-да тіркелген жобалар</p> <p>Алып тастау өлшемшарттары : университет қаржыландыратын барлық жобалар мен бағдарламалар</p>	<p>1) жобаның және/немесе бағдарламаның шарты немесе меморандумы 2) жобаның және/немесе бағдарламаның есебі 3) өзекті күндері, мөрі, қолтаңбасы бар зерттеу есебі</p>	Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы
7	Өндірістік персоналдың Scopus базасы бойынша орташа Хирш индексі	[Университеттің өндірістік персоналының Scopus базасы бойынша Хирш индекстерінің қосындысы]/[Өндірістік персоналдың жалпы саны]	<p>Қ о с у өлшемшарттары :</p> <p>1) ұйымдарда жоғары білімі бар, 0,25 және одан да көп ставкада жұмыс істейтін ғылыми және ОПК-дағы лауазымдарды атқаратын барлық жеке тұлғалар және кафедралардың құрамына кіретін клиникалық персонал</p> <p>Алып тастау өлшемшарттары :</p> <p>1) Өндірістік персоналдың санын есептеу кезінде қызмет көрсететін және</p>	<p>1) тізімі және Scopus базасына сілтемесі бар жиынтық кесте; 2) тізімде Университетте жұмыс істейтін қызметкердің дербес деректерінің болуы</p>	Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР ДСМ-нің 2023 – 2027 жылдарға

			қосалқы персонал есепке алынбайды; 2) Университет кафедраларының құрамына кірмейтін клиникалық персонал.	арналған даму жоспары	
8	Scopus индекстейтін халықаралық рейтингтік журналдарда соңғы бес жыл ішінде жарияланған ғылыми	1: [[есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша өндірістік персоналдың саны]/[соңғы 5 жылда Scopus дерекқорында индекстелетін журналдардағы	Қ о с у өлшемшарттары : 1) ұйымдарда жоғары білімі бар, 0,25 және одан да көп ставкада жұмыс істейтін ғылыми және ОПК-дағы лауазымдарды атқаратын барлық жеке тұлғалар және кафедралардың құрамына кіретін клиникалық персонал; 2) Scopus дерекқорында индекстелетін журналдарда есепті жылды қоса алғанда, соңғы 5 жылда жарияланған түпнұсқа ғылыми немесе ш о л у мақалалары. Мақалада қызметкердің " ҚазҰМУ" КеАҚ-мен аффилиациясы міндетті түрде көрсетілуі тиіс Алып тастау өлшемшарттары : 1) өндірістік персоналдың санын есептеу кезінде қызмет	1) соңғы бес жылдағы мақалалар (скрин, сілтеме, журналдан көшірме); 2) университеттің	Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

	мақалалар санының өндірістік персоналдың жалпы санына қатынасы	авторлары Университетпен үлестес өндірістік персонал болып табылатын мақалалар саны]	көрсететін және қосалқы персонал есепке алынбайды; 2) университет кафедраларының құрамына кірмейтін клиникалық персонал; 3) мақалаларды санау кезінде қысқа хабарлама форматындағы жарияланымдар, хат, тезис, хат-хабар, сондай-ақ Scopus-та индекстелмейтін журналдардағы мақалалар есепке алынбайды. ӘБП және клиникалық персонал қатарындағы қызметкерлер жариялаған мақалалар (олар ғылыми немесе педагогикалық лауазымдарды 0,25 және одан көп ставкамен қоса атқару жағдайларын қоспағанда) есепке алынбайды	өндірістік персоналының тізімі; 3) сайттан скрин	ҚР ДСМ-нің 2023 – 2027 жылдарға арналған даму жоспары
9	Scopus базасы бойынша соңғы 5 жыл ішінде жарияланған ғылыми мақалаларға дәйексөз	[Scopus-та соңғы бес жыл ішінде индекстелетін халықаралық рейтингтік журналдарда жарияланған ғылыми мақалаларға дәйексөз келтірулер қосындысы]/[Соңғы бес жыл	Қ о с у өлшемшарттары : соңғы бес жыл ішінде журналдарда жарияланған және Scopus базасына енген барлық ғылыми мақалалар.	1) Соңғы бес жылдағы мақалалар (скрин, сілтеме, журналдан көшірме);	Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

	келтірудің орташа деңгейі	ішінде Scopus-та индекстелетін халықаралық рейтингтік журналдарда жарияланған ғылыми мақалалар саны]	Алып тастау өлшемшарттары : Scopus дерекқорына кірмейтін ғылыми мақалалар	2) Scopus базасы бойынша сайттан скринкөшірме	ҚР ДСМ-нің 2023 – 2027 жылдарға арналған даму жоспары
10	Білім алушылардың жалпы контингентінен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың үлесі	[[Магистранттардың , докторанттардың және резиденттердің саны *100]/[есепті жылдағы білім алушылардың (студенттердің, интерндердің, магистранттардың , докторанттардың , резиденттердің) саны]] * 100	Қ о с у өлшемшарттары : 1) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары нда білім алушылар (магистратура, докторантура, резидентура); 2) Қ Р резиденттері Алып тастау өлшемшарттары : 1) бакалавриат, интернатура бағдарламалары нда білім алушылар; 2) Қ Р резиденттері емес	1) магистранттар мен докторанттарды (қабылдау және ауыстыру туралы) бұйрықтың көшірмесі; 2) барлық білім алушылардың жалпы контингенті (бакалаврлар, интерндер, резиденттер, магистранттар, докторанттар)	Оксфордта дипломнан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар жалпы білім алушылар санының 50 %-дан астамын құрайды
11	40 жасқа дейінгі ж а с	[[FTP-ға қатысатын немесе ғылыми жарияланым бар 40 жасқа дейінгі адамдардың саны]/[FTP-ға	Қ о с у өлшемшарттары : • 40 жасқа дейінгі адамдар (дәрежесінің болуы талап етілмейді); есепті жылды қоса алғанда, соңғы 5 жылда ҚР ҒЖБМ ҒЖСҚЕК журналдарындағы және Scopus, Web of Scince дерекқорында индекстелетін журналдарда жарияланған	1) мақала (скрин , сілтеме, журналдан көшірме)	Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023

	зерттеушілердің үлесі	қатысатын немесе ғылыми жарияланым бар адамдардың саны]] * 100	түпнұсқа ғылыми немесе ш о л у мақалалары. Алып тастау өлшемшарттары : 1) Мақалаларды санау кезінде қысқа хабарлама , хат, тезис, хат-хабар форматындағы жарияланымдар е с е п к е алынбайды	2) УҒҰ құру туралы бұйрық	– 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы
12	Патенттердің, оның ішінде халықаралық патенттердің саны	[Есепті күнтізбелік жылы алынған патенттер саны]	Қ о с у өлшемшарттары : есепті жылы университет алған барлық қазақстандық ж ә н е халықаралық патенттер	1) Куәлік; 2) Сертификат; 3) Шарт.	Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР ДСМ-нің 2023 – 2027 жылдарға арналған даму жоспары
13	Коммерцияландырылған ғылыми жобалардың саны	[[есепті жылдағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жөніндегі ж а ң а жобалардың саны]	Қ о с у өлшемшарттары : ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру - табыс а л у ғ а бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен қызметтерді нарыққа шығару мақсатында зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, ғылыми және (1) Жоба; 2) Шарт.	Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға

			немесе) ғылыми-техника лық қызмет нәтижелерін практикалық қолдануға байланысты қызмет;		арналған тұжырымдамасы
3-міндет. Ғылым, білім, клиника және басқару (менеджмент) бағыттары бойынша қызметті интернационалдандыру негізінде халықаралық академиялық және ғылыми қоғамдастыққа интеграциялану					
14	Оқытушылық қызметке тартылған шетелдік мамандардың саны	[тартылған шетелдік мамандардың саны]	Қ о с у өлшемшарттары : • Халықаралық академиялық және ғылыми қоғамдастықта танылған Хирш индексі (H-Index) 10-нан жоғары, Университетке күндізгі, онлайн және аралас форматтарда жұмыс істеуге шақырылған жетекші ЖОО-лардың шетелдік мамандары; Алып тастау өлшемшарттары : • Хирш индексі 10-нан төмен шақырылған шетелдік мамандар.	1) Бұйрық; 2) Шарт; 3) Орындалған жұмыстар актісі;	"Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген.
15	"ҚазҰМУ" КеАҚ-ның ашылған шетелдік өкілдіктерінің немесе филиалдарының саны	[есепті жылы ашылған шетелдік өкілдіктердің және/немесе филиалдардың саны]	Қ о с у өлшемшарттары : • Университеттің шетелде тіркелген өкілдігі/ филиалы;	филиалдың немесе өкілдіктің шетелде тіркелгенін растайтын құжат	Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы
4-міндет. Тиімді басқару және орнықты даму факторлары ретінде қаржылық тұрғыдан тұрақты жүйені құру және халықаралық нарықта Университеттің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу					

16	Шетелде, оның ішінде "Болашақ" халықаралық бағдарламасы шеңберінде оқудан немесе тағылымдамадан өткен 45 жасқа дейінгі ОПҚ үлесі	[[Шетелде, оның ішінде "Болашақ" халықаралық бағдарламасы шеңберінде оқудан немесе тағылымдамадан өткен 45 жасқа дейінгі ОПҚ үлесі]/[45 жасқа дейінгі штаттағы ОПҚ саны]] * 100	Қ о с у өлшемшарттары : Шетелде, оның ішінде "Болашақ" халықаралық бағдарламасы шеңберінде оқудан немесе тағылымдамадан өткен 45 жасқа дейінгі штаттағы барлық ОПҚ Алып тастау өлшемшарттары : Ел ішіндегі оқу/тағылымдама	1) Бұйрық, шарт, сертификат	
17	Көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінен электрондық түрде көрсетілетін қызметтердің үлесі	(Электрондық көрсетілетін қызметтер саны/көрсетілетін қызметтердің жалпы саны)* 100 %	Қ о с у өлшемшарттары : Университеттің көрсетілетін қызметтер тізіліміне кіретін барлық көрсетілетін қызметтері. Алып тастау өлшемшарттары : Көрсетілетін қызметтер тізілімінде жоқ көрсетілетін қызметтер.	1) Анықтама; 2) Көрсетілетін қызметтер тізілімінен скрин;	ҚР ДСМ-нің 2023 – 2027 жылдарға арналған даму жоспары
18	Қазақстан бойынша орташа жалақыға ОПҚ-ның 1 ставкасына орташа жалақының қатынасы коэффициенті	[ОПҚ-ның 1 ставкасына орташа айлық жалақы]/[Қазақстан бойынша 1 жұмыскердің орташа айлық атулы жалақысы]	Қ о с у өлшемшарттары : 1) ОПҚ ОЖҚ-барлық үстеме ақыларды ескере отырып, бір жылдағы барлық ОПҚ-ның есептелген жалақысы; 2) ОПҚ – кафедра меңгерушісі, профессор,	1) ОПҚ-ның 1 ставкасына орташа жалақы туралы анықтама; 2) Қазақстан бойынша орташа жалақы туралы ақпараты бар "ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің	"Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12

			доцент, дәріскер , теориялық және клиникалық кафедралардың ассистенті	Ұлттық статистика бюросынан" скрин	қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген.
19	Университет кірістерінің шығыстарға қатынасы коэффициенті	[Кірістердің жалпы сомасы]/[есепті қаржы жылындағы шығыстардың жалпы сомасы]	Қ о с у өлшемшарттары : • Даму жоспары бойынша кірістердің жалпы көлемі (есепті қаржы жылында Даму жоспары бойынша орындалу); • Даму жоспары бойынша шығыстардың жалпы көлемі (есепті қаржы жылында Даму жоспары бойынша орындалу)	1) "ҚазҰМУ" К е А Қ бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті ұсынатын анықтама	ҚР-дағы бәсекелес ЖОО-лармен салыстыру